

МІНБЕР

ҚАЗАҚҚА

ЖАТ МІНЕЗ

Данышпан Абайдан артық қазақты сынаған, қазақты жақсы көрген ешкім жоқ шығар, сірә! Кемеңгердің 45 қара сөзі түгел дерлік қазақтың теріс мінезіне арналады. Бірінде өткір тілмен сойып салса, бірінде мақтап отырып, мақтамен бауыздайды. Абай заманынан бері де біраз уақыт өтті. Бірақ қазақтың мінезі әлі өзгермеген сияқты. Кешегі бірін-бірі көре алмайтын қызғаншақ қазақ, алауыз ағайын, берекесіздік әлі бар.

(Жалғасы 3-бетте)

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ



Туристік визамен барған

Біздің анықта-мамыз бойынша, олар оқу оқимыз деп барса да, визасы – туристік болып шықты. Оқуына да байланысты мәселе болса, оны құқық қорғау мекемесі анықтайды. Сондықтан кез келген елдің заңын сыйлай білуіміз қажет.

(Толығырақ 2-бетте)

БІЛІМ ГРАНТЫ КІМГЕ БҰЙЫРДЫ?

«МЕЙМЕЙ» ҚАРАКӨЗДЕР

СЫНЫПТАСТАР СЫРЛАСУЫ

КЕПТЕЛІСТІҢ КҮРМЕУІ

on the web
JASQAZAQ.KZ

ЕУРАЗИЯ ЖҮРЕГІНДЕ

АСПАН АСТЫ ЕЛІНЕ ҰМЫТЫЛМАС САЯХАТТАР

Сапарыңызды Алматыдан Бейжіңге енді күнделікті, ал Астанадан аптасына 4 рет орындалатын тікелей рейстермен ыңғайлы жоспарлап, арнайы тарифтерімізді* пайдаланыңыз.

АСТАНА – БЕЙЖІҢ
116 000Т бастап

АЛМАТЫ – ҮРІМШІ
56 000Т бастап, 30кг жүкті тегін тасымалдау

*барып-қайтуға, әуежай алымдарын қамтиды

airastana.com

air astana



БИРЖАМЕТР

МҮНАЙ (brent)
52,76

DOLLAR
333

EURO
392

РУБЛЬ
5,57

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ

«Көгілдір отын» ба десем...



(Жалғасы 2-бетте)

БИЛІК



ЭКОНОМИКАДА ӨСІМ БАР

Осы аптада Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаевты қабылдады. Кездесу барысында мемлекет басшысына биылғы 7 айдың қорытындысы бойынша үкіметтің атқарған жұмысы жөнінде есеп берілді.

Қазақстан Президенті еліміздің экономикалық даму көрсеткіштері өсіп келе жатқанын айтып, мемлекеттік және салалық бағдарламаларды одан әрі іске асырудың маңыздылығын атап өтті. Елбасы «Биылғы жылдың жеті айы өтіп кетті, мінекей. Жалпы экономиканың көрсеткіші жаман емес. Былтырмен салыстырғанда, 4 пайызға жоғары. Өсу бар. Осы қарқынды жылдың соңына дейін сақтап қалу керек. Барлық облыс жұмыс істеу керек.

Менің тапсырмам бойынша еліміздің бірнеше өңірін аралап шықтыңыз. Жалпы, тұрақты ахуал байқалуда. Алдымызда егін ору науқаны тұр. Оны тиісті деңгейде жүргізуіміз қажет», — деді. Үкімет басшысы 7 айдың қорытындысы бойынша экономиканың даму барысы және бағдарламалардың аралық нәтижесі жөнінде баяндалды. Б.Сағынтаевтың айтуынша, экономикалық өсім 4,2 пайызды құрап отыр. Өндіріс саласындағы көрсеткіш Қызылорда мен Маңғыстау облыстарынан басқа еліміздің барлық өңірінде 100 пайыздық мөлшерден асты. Ал аталған екі өңірде мұнай өңдеу деңгейі төмендеген. Қазіргі уақытта үкімет бұл өңірлерге жаңа резерв көзін жұмылдыру мәселесі бойынша жұмыс жүргізіп жатыр.

Барлық өңірде көрсеткіш жақсы. Үкімет басшысы «Негізгі капиталға инвестиция салу мәселесіне келетін болсақ, бұл да былтырғы жылғы кезеңмен салыстырған кезде, 3,7 пайызға өскен. Барлық облыстарда ілгерілеушілік бар. Экономикаға несие беру мәселесіне келетін болсақ, екінші деңгейдегі банктердің беріп отырған бүгінгі жартыжылдықтағы мәліметі бойынша 12,6 трлн теңге экономикаға қаржы бөлінген. Бұл да былтырғы жылмен салыстырған кезде 1,4 пайызға жоғары», — деді. Ал инфляция деңгейі биылғы маусым айымен салыстырғанда, 0,1 пайызға өскен. Азық-түлік бағасы 0,5 пайызға төмендепті. Жұмыссыздық деңгейі 4,9 пайызды құрап отыр.

Сонымен қатар Премьер-Министр индустрияландыру бағдарламасының іске асырылуы жөнінде есеп берді. Оның аясында биылғы бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша 31 жоба іске қосылды. Оның мәліметіне сәйкес, екінші тоқсанда жаңа 10 мың жұмыс орнын қамтитын 100 жобаны іске асыру жоспарланып отыр. Экономиканың өсуіне «Нұрлы жол» бағдарламасының іске асырылуы да зор үлес қосып отыр. Биыл тасжолдың құрылысына 356 миллиард теңге қарастырылған. Сондай-ақ қазір 600 шақырым жол іске қосылды. Жыл соңына дейін 469 шақырым жол ақылы болмақ. Алғаш рет осындай жүйеге қосылған «Астана-Бұрабай» тас жолы жылына 1,5 миллиард теңгеге дейін пайда әкеліп, оның құрылысына жұмсалған қаражатты ақтап отыр. Қазір «Астана-Теміртау» тас жолын осы жүйеге қосу жұмысы жүргізілуде. Сондай-ақ Б.Сағынтаев «Нұрлы жер» бағдарламасының орындалу нәтижесі

туралы баяндалды. Оның аясында биыл 10,2 млн шаршы метр тұрғын үй салу жоспарланған. Бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша 5,5 млн шаршы метрді қамтитын құрылыс жұмыстары аяқталған.

Мемлекет басшысына ауыл шаруашылығындағы бағдарламалардың іске асырылуы туралы есеп беріліп, ел экономикасын несиелендіру жөнінде мәлімет ұсынылды.

Елбасы үкімет пен әкімдердің алдына қойылған міндеттерді орындауды жалғастыруды тапсырып, бұл ретте өсімнің оң қарқынын сақтаудың және бөлінген қаражатты игерудің маңыздылығына тоқталды. Мемлекет басшысы «Үкімет қызу жұмыс жүргізіп отыр деп есептеймін. Мен жылды жақсы нәтижемен қорытындылау үшін бәріңізді ұйымшылдықпен жұмыс істеуге шақырамын. Тәуекелді тұстар да жоқ емес. Энергия тасымалдаушыларымызға, шикізат өнімдеріне деген бағаның өзгерісі. Бәлкім, батыстың Ресейге қатысты санкциялары әсер етер. Осыны ескеру қажет», — деді. Елбасы ұлттық экономикамыздың қарқынын сақтап қалу үшін бәрімізді жұмыла аянбай еңбек етуге шақырды. Жыл соңына дейін көрсеткіштің төмендемеуі үшін бар мүмкіндікті пайдалану қажет. Мемлекет басшысы Астанада ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесінің жүргізіліп жатқанына тоқталды. Осы орайда өзге елдің озық технологиясын енгізудің жолын қарастыру керектігін айтты.

(Өз тілшіміз)

Жедел сұхбат

Өткенде ғана 6 студентіміз Мысырға тіл үйренуге барып, сол елдің құқық қорғау мекемесі қызметкерлерінің қолына түскен болатын. Еліміздің сыртқы істер министрлігі жедел іске кірісуінің нәтижесінде студенттер аман-есен елге оралды. Осы мәселе жөнінде газетіміздің тілшісі еліміздегі сыртқы істер министрі Қайрат Әбдірахмановтан үкімет отырысынан кейін сұраған еді.

Қайрат ӘБДІРАХМАНОВ:

ОЛАР ТУРИСТІК ВИЗАМЕН БАРҒАН



— Қайрат Құдайбергенұлы, Мысырда қамауға алынған студенттерді елге қайтару қалай жүзеге асырылды?

— Біз бұл шаруаны шұғыл түрде ұйымдастырып, елге азаматтарды қайтару

асырмасақ, олардың онда қамалып қалуы және істің ұзаққа созылуы мүмкін еді. Енді еліміз бен Мысырдың құқық қорғау мекемелері бұл жайтқа қатысты анықтау шарасын жүргізеді. Сондай-ақ екі елдің мекемелері арасында тығыз байланыс бар.

— Ал осындай жайттың алдын алу үшін қандай шаруа атқарылу керек?

— Біріншіден, кез келген азамат баратын жерінің заңын қатаң сақтауы және тәртібіне бағынуы тиіс. Сондай-ақ халықаралық заңдар бойынша да түрлі міндет пен екіжақты келісім, құқықтық негіз бар. Соларды шетелге шығатын адам білуі қажет. Мәселен, шетелге барсаңыз, тиісті виза аштыруыңыз керек. Оқуға барсаңыз — оқу визасы, қылдыруға барсаңыз — туристік виза, бизнеспен айналыссаңыз — бизнестік виза дегендей.

Қазақстанға келетін шетел азаматына да дәл осындай талап қойылады.

— Ұсталған 6 студенттің визасы қандай болған?

— Біздің анықтамамыз бойынша, олар оқу оқимыз деп барса да, визасы — туристік болып шықты. Оқуына да байланысты мәселе болса, оны құқық қорғау мекемесі анықтайды. Сондықтан кез келген елдің заңын сыйлай білуіміз қажет. Елімізге келгендерден біз де занымызды сыйлауды талап етеміз.



жағын ойладық. Ал шұғыл дипломатиялық шараны жүзеге

Сұхбаттасқан Айбарша ЖАҚСЫЛЫҚ

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

2,5

млрд теңге. Мектеп құрылысына деп бөлінген қаржы игерілмеген

880

Астанада осынша автобус жүргізушісі жолда ұялы телефонмен сөйлескені үшін жазаланды

710

млн теңге. Биыл оңтүстіктен солтүстікке қоныс аударушыларға бөлінетін қаржы

73,5

млн теңгеге аукционға шығарылған аты шулы Тоқтар Төлешовтың көліктері сатылмады

Сөз-Жебе



Бибігүл АСИЛОВА, білім және ғылым вице-министрі:

«Биыл ұлттық қордан «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы бойынша білім беру саласындағы инфрақұрылымды дамыту бағытын жүзеге асыруға 71,7 млрд теңге бөлінді. Оның 26,5 млрд теңгесі 2016 жылы құрылысы басталған 53 мектептегі жұмысты аяқтауға, ал 45,2 млрд теңге 56 жаңа мектепті салуға берілді. 2017 жылдың 1 тамызындағы ақпаратқа сәйкес, жергілікті әкімдіктер 41,1 млрд теңге бөлді. Аталған қаржының 38,6 млрд теңгесі немесе 94%-ы игерілді. Қалған 2,5 млрд теңге игерілмеген. Ондай жағдай Алматы облысы, Шығыс Қазақстан облысы, Жамбыл және Қызылорда, Маңғыстау әрі Оңтүстік Қазақстан облыстарында кездесті»

Бәйге

Білім және ғылым министрлігінің сайтында биылғы мемлекеттік білім гранты иегерлерінің толық тізімі жарияланды. Орталық коммуникациялар қызметінде гранттарды тағайындайтын республикалық комиссияның жұмысы қорытындыланды.

Еске сала кетсек, биыл жоғары білім алу үшін білім грантының саны 37 932-ге дейін көбейтілген. Оның ішінде, 35 082 грант I курсқа қабылдауға, 2850 орын — жоғары оқу орындарының дайындық

бөліміне бөлінді. Аталған басымдықты ескере отырып, техникалық ғылымдар мен технологиялық

мамандықтарға — 13 670, педагогикалық мамандықтарға — 8 235, ауыл шаруашылығы мен ветеринарлық мамандықтарға — 2 682, медициналық мамандықтарға 3 150 грант қарастырылған. Жалпы білім грантын тағайындау конкурсына 63 169 адам қатысты. Оның

ішінде 49 858-і қазақ бөліміне, 13 311 талапкер — орыс бөліміне тапсырған. Естеріңізге сала кетейік, биыл ҰБТ-дан 8 оқушы ең жоғарғы балл жинады.



БІЛІМ ГРАНТЫ КІМГЕ БҰЙЫРДЫ?

Өкініш

БТА банктің бұрынғы топ-менеджерлерінің бірі – Ержан Кадесов Венгриядан елімізге оралды. Ол бұл қадамға өз еркімен барғанын және тергеу ісіне көмектесуге дайын екенін жеткізді.

Е.Кадесов «Әбіләзовтің адамдары мұның саяси іс екенін айтты. Ал мен шындығында, қылмыстық іс екенін түсіндім. Бәрі мен ойлағаннан әлдеқайда жеңіл екен. 23 шілдеде қамауға алындым. Есесіне, бүгін бостандықтамын. Ешқандай да қысымның, қудалаудың жоқ екенін білгенде, баяғыда-ақ оралар едім. Әбіләзовтің ісі бойынша



жасырынып жүргендерді Қазақстанға оралуға шақырамын», — дейді.

Еске сала кетейік, Ержан Кадесов БТА банктің ақшасын ұрлау үшін Әбіләзов қолданған бірнеше компанияда жұмыс істеген. Ол 2008 жылдан бері іздеуде болған.

Қызықтан қызықтары



Көлігіңіздің газ баллонынан су шықса, таң қалмаңыз! Өйткені біздің кейбір жанармай бекетінде газ орнына су құйып береді.

«КӨГІЛДІР ОТЫН» БА ДЕСЕМ...

Мұндай жағдай бізде бірінші рет болып тұрған жоқ. Жыл басында дәл осыған ұқсас оқиға болған. Ол кезде көлікке жанармай емес, ауа құйған бекеттің китүркі әрекеті әлеуметтік желіні жарған еді. Ол кезде жауаптылар өздеріне кір келтірмей, техникалық ақау деп құтылды. Ал осы аптада Астана тұрғындары бір жанармай бекетінің көгілдір отын орнына су құйғанын айтып, әлеуметтік желі арқылы шағымданды. Сөзін дәлелдеу үшін бензин бағын шығарып, ішіндегі қара суды төккен. Оны бейнекамераға түсіріп алыпты. Бекет қызметкерлері әдейі жасаған жоқпыз, — деп ақталып отыр.

7 сөз

Алматыда қалталының үйінен 3 миллион доллар ұрланды

ҚҰЛЫҒЫ ІСКЕ АСПАДЫ

Екінші деңгейлі банк менеджері өз есепшотына 12 миллион теңгені заңсыз аударып алған.

Ақтөбе



облыстық ішкі істер департаментінің баспасөз қызметі хабарлағандай, екінші деңгейлі банк директоры қыруар қаражаттың менелжерге заңсыз аударылғанын анықтайды. Қазіргі уақытта банктің есеп бөліміндегі 35 жастағы менеджер қаладан шықпау туралы бұлтартпау шарасымен жіберілді. Қылмыстық іс қозғалды. Тергеу жұмыстары жүріп жатыр. Егер күдіктінің кінәсі дәлелденсе, оның мүлкі тәркіленіп, 7 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

«Жер телімін алуға көмектесемін» деп уәде берген алаяқ әйел қолға түсті.

Осы айдың басында Тараз қалалық ішкі істер департаментіне 60 жастағы тұрғын арызданған. Бақытұл деген әйел оның сеніміне кіріп, жер учаскесін алуға

шаралары барысында тәртіп сақшылары алаяқтың кім екенін анықтады. Қысқа уақыт ішінде ұсталды. Ол Жамбыл облысы Сарыкемер ауылының 51 жастағы тұрғыны болып шықты.



АЛАЯҚТЫҢ АДЫМЫ ҚЫСҚА

көмектесемін деп уәде беріп, 1,7 миллион теңгесін иемденіп алыпты.

Тараз қалалық ішкі істер департаментінің өкілдері хабарлағандай, жедел-тергеу

Күдікті кінәсін мойындады. «Бұл дерек Қылмыстық кодекстің 190-бабының 2-бөлігі бойынша сотқа дейінгі бірінғай тергеу реестріне тіркелді. Тергеу амалы жүргізілуде.

МІНБЕР

ҚАЗАҚҚА ЖАТ МІНЕЗ

(Басы 1-бетте)

САЯСАТТАНУШЫ ЕРЛАН САЙЫРОВТЫҢ, БЕЛГІЛІ ПУБЛИЦИСТ-ЖОРНАЛШЫ ШАРХАН ҚАЗЫҒҰЛДЫҢ ЖАЗБАЛАРЫ ҚАЗАҚ МІНЕЗІН ӘР ҚЫРЫНАН СУРЕТТЕЙДІ.

Ерлан САЙЫРОВ,
саясаттанушы

ШЕТЕЛДЕ ЖАТБАУЫРМЫЗ

Шетелде казак бір-бірімен амандаспайды. Бұрын солай болған, қазір жағдай өзгерді ме деп ойлап едім. «Бұрынғы жартас, сол жартас». Басқа ұлттың өкілдері бірін-бірі көрсе, «әкесін көргендей», жапа-тармағай амандасып жатады. Қазақстанның басқа ұлт өкілдерінің өзі келіп, қал-жағдайды біліп, сөйлеседі. Ал қазақтар бірін-бірі амандаспак түгілі, суық, кездесе қалса қашады. Бұл «суық бауырлықтан» сорақы, ұлттық дезинтеграцияны көрсететін өлшем. Мен Батумиде (*Грузия*) 10 қарақозді көрдім. Соның екеуімен өзім барып амандасып, қал-жағдайды сұрадық. Олар өз көрген-білгенін айтып, жол сілттеп, жылы сөйлестік. Басқасы сені көрсе, көзін ала қашып, көрмегендей, тіпті қашады. Үлкен ақсақалдардың өзі қабағын түйіп, білмегендей, «сазарып отырады». Болмаса қасыннан өтіп кетеді. Ақсақалдық қасиет жоқ. Түйсігі жоқ, мәңкілдеген шалдың деңгейі! Ақсақал болса, «Ей, балам бері кел, қай жерден келдің, не істеп жүрсің? Жолың болсын!» — деп шығарып салуы керек қой. Бұл біздің ұлттық бірлігіміздің жоқ екендігін, өзімізден өзіміз арланатынымыздың көрсеткіші тәрізді.

Еврейлер өз жерінен айырылып қалған 2 мың жылдықта, шетте жүріп, бірін-бірі тартып, көмектесіп, өз тамырын сақтап қалған. Біздің бұл тірлік не? Бұл адамның мәдениеті ғана емес, түбінде өз ұлтын менсінбеушіліктің дәл өзі. Ал қайтып келетін шаңырағымыз болмаса, ыдырап кетудің алды деген сөз! Өкінішті...



«Түйткілдің оң шешімін табу үшін не істеу керек?» — деген мәселе қатты мазалайды. Мүмкін, моральдық кодекс жасауымыз керек. Яғни шетелде жүргенде қазақты қазақ көрсе, міндетті түрде жылы амандасуы қажет. Ол құжатта өзге елге шыққанда қазақ өзін қалай ұстау керектігін тайға таңба басқандай көрсетсек. Біздің қоғам өкілдері, әсіресе елге белгілі қоғам қайраткерлері, ақын, жазушыларымыз шетелге барғанда, сол жақтағы қандастарымызбен кездесіп тұрса. Ол үшін бар болғаны әлеуметтік желіде «Мен осы елге келдім. Қазақтар жиналайық!», — деп жазса болғаны. Бір-бірімізбен байланыс ұстаған уақытта ғана қарым-қатынасымыз артады. Еліміздің сыртқы істер министрлігі шетелде жүргенде қазақ өзін қалай ұстау керек деген жадынама жасап, әлеуметтік желі арқылы таратса деген ұсынысы бар. Сондай-ақ бүгінде әлеуметтік желіде белсенді болып жүрген біраз азаматтарымыз жиі шетелге шығып тұрады. Сол уақытта тек әдемі жерін шарлап қана қоймай, қандастарымызды тауып, тағдыры, өмірі туралы жазса деген тілек бар. Біз олар туралы, олар біз туралы білуі тиіс. Ондағы мақсатым — қазақты қазаққа танытса деген ой.



Шархан
ҚАЗЫҒҰЛ,
журналист

ДИАГНОЗЫМЫЗҒА ДӨП

Адамның жеке дамуына кедергі келтіретін ең үлкен нәрсе — олар өз өмірін жақсартумен айналысудан гөрі басқа адамның өмірін жақсартпаумен көбірек айналысып кетеді. Ақыл айтады. Қызғанады. Аяқтан шалады. Мұндай етістіктердің соңына жетіп болмайсың. Осының бәрі ақылдың тасығанынан емес, ақылдың тоқырауынан. Ойбай-ау, беретін бірдене болмаса, басқа адамға ақыл айтып нең бар?! Басқасы өйтіп-бүйтіп жүріп адам болып кетпей ме?! Олардың өміріне кедергі келтіргеннен қай жерін кеңіп қалады? «Ақылың — өзің» дегенді де ата-бабаларымыз айтып кетпей пе еді бізге шегелеп. Шиллердің бір шығармасында жапаң девиз бар: Live and Let Live — «Өмір сүр, өзгеге де өмір сүруге мүмкіндік жаса». Гинзбург мұны, тіпті керемет аударған: «Сам не робей и других не тревож». Біздің әрқайсымыздың өмір сүру девизіміз осы болса, көсегеміз көгерген ел болмас па едік?!

Адамның жеке дамуына кедергі келтіретін тағы бір жаман әдет — өмірінде бірінші рет көріп тұрған нәрсені де бұрыннан білетін кісі сияқты «вил» жасап тұратынымыз. Дәлірек кестелесек, білмегенімізді сұрауға құлшынбаймыз. Әлгі ақыл айтып жүретін адамның өз ақылының кемістігін осы жерден анық көресін. Білмегенінді сұрамағаннан өткен ақылысыздық жоқ. Білмегенінді сұрамағаннан асқан бейшаралық жоқ. Қазақты құртып жатқан осы. Қазақты өсірмей жатқан осы — жалған намыс. Біздің қоғамның дәл диагнозы осыған саяды. Мұны байқамау мүмкін емес. Өйткені, бұл — көзге ұрып тұрған ең басты симптом.

Симптом көрініп тұр. Диагноз да белгілі. Тек әлгі девизбен өмір сүруіміз қалып тұр. Меніңше, бұл — соншалықты қиын шаруа емес. Өмірімізді бір-бірімізге қиындатудың қажеті бар ма?

Қаржы қыспақ

Қамсыз қарттықтың кепілі неде? Өмір бойы бейнәттің зейнетін көру — әр азаматтың қарттық туралы арманы. Тапқан-таянғанынан жырып беретін 10 пайыздық салым біз айтып отырған қамсыз қарттықтың кепілі болуға тиіс. Соңғы жылдары Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (БЖЗҚ) маңайында талас-тартыс, айғай-шу көбейіп кетті. Қазаннан қақпақ көтті ме, әлде себебі басқа ма?

Экономист Токтар Есіркепов БЖЗҚ-дағы ақшаның тағдыры 1998 жылдан бері мың құбылып тұрғанын айтады. Біресе — қарттыққа жиған ақшаны салымшының қолына беру керек деген бастама көтерілсе, біресе, зейнетке жиған ақшаны жеке компаниялардың қолына ұстата салу керек деген идея туды.

Жұрттың қаржысы инвестиция ретінде салынған 5 компания тақырға отырыпты. kapital.kz хабарлағандай, қор басшылары банкротқа ұшыраған компаниялардағы қаржының қайтуы екіталай.

Естеріңізде болса, бұған дейін Әзірбайжан банкіне аударылған 71 миллиард теңгенің тағдыры туралы да таласты әнгіме өрбіген еді. Бұл қаржы қайтатын болды. Бірақ 2032 жылы. «Жас қазак» газеті жыл басында «Зейнетақы қорындағы ақша

Қарттықтың қаржысы



жекеге беріле ме?» — деген мақала жариялаған болатын. Мақалада тақырға отырған компаниялар табысының 2015-2016 жылдары тым аз болғаны айтылған-ды. Бүгінде 21 компания бойынша берешек 40 млрд теңгені құрайды.

Көрші Қытайда зейнетке жиған ақшаны мемлекет еселеп, көбейтіп отырады. Қордағы қаржы тістегеннің тісінде, ұстағанның қолында кетпейді. Мемлекет оған өте мұқият. Жекеге емес, мемлекетпен бірлескен үлкен компанияларға, ірі жобаларға үстеме пайызбен беріп, еселеп қайтарып алады. Ақшаның қолды болмайтынына, компанияның тақырға отырып қалмайтынына сенім бар.

Қалай айтсақ та, біз зейнетақы жинақтаушы жүйесін құруда дұрыс нәтижеге қол жеткізе алмай отырмыз. «Судың да сұрауы бар» — дейді. Болашақ зейнетақы төнірегіндегі ахуал бұл салада темірдей тәртіп, орнықты жүйе қажет екенін көрсетеді.

Жарас ШӨКЕ

QOĞAM



www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Орайы келген әңгіме

Жуықта үкімет отырысында еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Біржан Нұрымбетов оқуға түсе алмай қалған 21 мыңға жуық мектеп бітірушіге кәсіптік білім берілетіндігін айтқан болатын. Оларды еліміздегі 321 техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары оқытуға даяр көрінеді. Осы мәселенің анық-қанығын білу мақсатында еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары басқармасының сарапшысы Аяулым Берекеноваға бірер сауал қойдық.

қыркүйекке дейін білім алатын колледжіне тапсырады.

— Оқуға түсу үшін талапкер емтихан немесе қандай да бір сынақтан өте ме?

— Ешқандай сынақ, емтихан тапсырмайды. Себебі нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы мақсатының бірі — азаматтардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін оларды жаппай оқыту.

— Стипендиясы мен

материалдық көмектің бір адамға шаққандағы сомасы қанша? Ол инфляцияға байланысты жыл сайын өзгере ме?

— Бағдарламаға

қатысушыларға стипендия



СЫНАҚ ТАПСЫРМАҒАН ТАСАДА ҚАЛМАЙДЫ

— Вице-министр айтқан колледждерде білім алу үшін мектеп түлегі қайда баруы қажет?

— Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде техникалық және кәсіптік білім алғысы келетін азаматтар тұрғылықты тұратын жеріндегі халықты жұмыспен қамту орталығына, білім басқармасына және ауылда тұратын азаматтар ауыл әкіміне барып, оқуға байланысты өтініш білдіреді. Сондай-ақ еліміздің барлық өңірінде білім алуға мұқтаж азаматты айқындау мақсатында мобильдік топтар бар. Осы мобильдік топтар жыл сайын

төленіп, бір реттік ыстық тамақ, өзге өңірден келгендерге жол жүруге және пәтер жалдауға материалдық көмек беріледі. Стипендияның мөлшері бір адамға шаққанда — 16 759 теңге.

Жол жүруге берілетін материалдық көмектің мөлшері — 4 айлық есептік көрсеткіш болса, пәтер жалдауға берілетін материалдық көмектің мөлшері Алматы мен Астана қалаларында, Атырау және Маңғыстау облыстарында — 10 айлық есептік көрсеткішке тең. Ал қалған облыстарда 5 айлық есептік көрсеткіш болып отыр. Бір айлық есептік көрсеткіш биылғы жылы 2 269 теңге екендігін өздеріңіз білесіздер.

— Бағдарлама бойынша негізінен қандай мамандыққа басымдық беріліп отыр?

— Бүгінгі күні еңбек нарығында сұранысқа қажетті мамандық бойынша білім гранты беріледі. Олар атап айтсақ: аспаз, кондитер, темір шебері, токарь, электрик, дәнекерші және тағы басқалары. Оқудың ұзақтығы білім беру бағдарламаларында көрсетілген мерзімдерге сәйкес



20 тамызға дейін білім беру ұйымдарынан, жергілікті полиция қызметінен, халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы мекеме, ауылдық округтердің, аудандық маңызы бар қалалардың, қалалар құрамындағы аудандардың әкімдіктерінен дерек алу арқылы үміткерлерді іздестіріп, түсіндіру жұмысын жүргізеді. Үміткердің тізімін жасайды. Мобильдік топ жасалған тізімнің негізінде білім беру саласындағы жергілікті атқарушы мекемелер үміткерге оқуға жолдама береді.

— Ол үшін қандай құжат керек? Оқу орындары қашанға дейін қабылдайды.

— 20 тамызға дейін білім грантына өтініш жазу үшін азаматқа жеке куәлігі, орта мектептегі білім туралы құжаты, егер бар болса, еңбек кітапшасының көшірмесі қажет. Ал үміткер жолдама алғаннан кейін, оқу орнына қабылдану үшін жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесін, білімі туралы құжаты (*аттестат, куәлік, диплом*), денсаулық жағдайы туралы анықтаманы (*086-У нысан*) егер бар болса әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтар санатын растайтын анықтамасы болуы керек. Осы құжаттар мен жолдаманы 1

тандалған мамандыққа байланысты болады. Шамамен 2,5 жылды құрайды.

— 21 мың азамат тек биылғы түлектер ме, әлде бұрынғы жылдары мектеп бітіріп оқуға түсе алмай қалғандар да қатыса ала ма? Оларға қойылатын талап қандай?

— Ондай шектеу жоқ.

Бағдарламада азаматтардың



жастарына, қашан мектеп бітіргеніне байланысты талап қойылмайды. Өйткені, бағдарлама шартына сәйкес, өмірлік қиын жағдайға тап болған және тұрмысы төмен отбасылардың мүшелері қатарындағы 9-11-сыныптарды бітірушілер, оқу орындарына түспеген, жұмыс іздеп жүргендер. Дегенмен де Ұлттық бірінғай тестілеуді тапсыра алмаған, оқу орнына түсе алмаған биылғы жас түлектерге басымдық беріледі.

— Өңірімізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Айбарша ЖАҚСЫЛЫҚ



Ер-азаматтың бойындағы күш-қуатын, әдіс-айласын таразының басына тартатын күрес атаулының бәрі жақсы. Соның ішінде бұның ұнататыны, атадан балаға мирас болып қалған казакша күрес. Төл күресімізге не жетсін, шіркін. Өйткені, онда таза күш месінің мерейі үстем болмақ. Қулық пен сұмдық кілем үстінде жүре бермейді. Қарымын

кететін жай, ағаштың түпкі жуан жағы мен ұшар басындағы жіңішке жағын қабыстыра жонғанда өзіне қажетті жуандық шығатын болуы керек.

— Қандай ағашты пайдаланасындар, — деп сұрады мен.

— Ел Ресейдің, оның ішінде Сібір аймағындағы ағаштарды мактайды. Шынында да, сапасы жақсы болуы мүмкін, бірақ сатып алу мен тасымалдау құны қымбат. Егер ол ағаштан жасайтын болсақ, бұйымның өзіндік құны тым қымбаттап кетеді. Сондықтан, өзіміздің Бұландының қарағайын пайдаланудамыз. Аллаға шүкір, өз топырағымызда

бірден ойдағысы орала қоймаған. Ағаш өндейтін цехты орналастыратын жер қажет болды. Ол табылған соң жұмыс істейтін кісі керек. Осы арада қадап айта кететін тағы бір уәж бар. Ол халықтың жұмыстан қол үзіп қалғандығы. Тіпті түйеден түскендей етіп токтерін айтатын болсақ, жұмыс істегісі келмейтіндігі.

— Макинка қаласында екі қолына бір күрек таба алмай отырғандай, жетіп артылады, — дейді кәсіпкер, — атамекенге ат басын тіреген ағайыннан бөлек, табиғатының тақсыретін тартқан Қызылорда өңірінен қоныс аударғандар қаншама. Ал

Қарсыласының белбеуді қамти ұстап, аш бүйіріне қадалған қолы темірдей қатты екен. Еңсеріп бара жатыр. Әйтеуір, жанкешті жаттығудың, оған қоса, табиғи күш-қуатының арқасында еңсе түзеген. Енді бір орайы келгенде оң жамбасқа алып атып жіберді.

көркін келтірсең, тым-ақ әдемі дүние. Қонақ күтуге де, отбасынның игілігіне де әбден жарап жатыр.

— Бізге бөлінген несиенің бір ыңғайлы жері, — дейді кәсіпкер, — кәсібіңнің жайымен санасалы. Мысалы, мен құжат толтырумен, цехымды орналастырумен уақыт ұттырып алдым. Содан соң біз несиені айына емес, тоқсанына бір жабамыз. Ал шағын үй немесе «беседканы» 15-20 күнде

ҚАЙРАТЫ ҚАНАТ БІТІРІП

каптал жетсе, қос білектені білеу-білеу бұлшық еттің астарындағы бұла күш басым түссе ғана қарсыласынды жеңуің мүмкін. Оның үстіне казак күресімен шындап айналысқан адамның мінез-құлқы да тура сол кілем үстіндегідей әділдік пен тазалыққа баулынады. Өмірдің өзі күрес іспетті. Жалындаған жастық шағында оны кім аңғара берсін. Жазатайым жол-көлік апатына ұшырап, аяғынан мертігіп қалған кезінде аңғарған. Дәл сол кезде ғой боз кілемнің үстінде орнықты мінезі қалыптасып, қиындық атаулымен күресуге шыңдалған Әділбектің тығырықтан шығар жол тапқаны.

Жұмыспен қамту орталығына барып жүріп, алдымен ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге арналған оқуды оқыған. Артық ештеңесі жоқ. Бизнесі жүргізудің, ұйымдастырудың қыр-сыры. Сертификатын да алған. Беймәлім дүниені бастау да қиын. Алғашында аздап қобалжығаны да рас. Боз кілемнің үстіне небір апайтөстермен белбеу ұстасқанда да осылай қобалжымаған шығар. Ақыры нар тәуекел еткен. Атамыз казактың «тәуекел түбі желқайық, өтесің де кетесің» дейтіні де рас. Асылында, бизнес әлемінде тәуекелсіз іс бітпейтін көрінеді. Жылдық 6 пайыз үстемемен үш миллион тенге несие алған. Сөйтіп, ойға алған ісін бастап кетті. Алғашында Ресейден 2 миллион 100 мың теңгеге станок алғызды. Кәдімгі ағашты өткір тісімен қырнап, жонып, доп-домалақ етіп шығаратын станок. Ешбір қиындығы жоқ. Өзіне қажетті көлемін дәл есептеп қойсаң болғаны. Тек бір ескере

көктеп шыққан қарағайдың да өзгеден сынықсүйем кемдігі жоқ. Оның үстіне бизнесімді алғаш бастаған кезімде жағдайымды түсінген, жанашырлық жасаған, қолынан келгенімен көмектескен орманшылар да болды. Жақсының жақсылығын айтпай, қалай тұра аласың, — дейді Әділбек Нұрмағанбетов, — мен өзі Қарағанды облысының Нұра ауданының тумасымын ғой. Біздің жакта ағаш сирек. Сондықтан, алғашында ағаштың сырын тым жақсы білдім деп айта алмас едім. «Басқа түскен баспақшыл» демей ме, өмірдің өзі талап еткен соң үйрендік те.

Кәсіпкердің айтуына қарағанда, несиені рәсімдеуге әжептәуір уақыт кеткен. Қажетті қаржы қолға тиген соң да

жергілікті жұрт ше? Солай бола тұра, цехта жұмыс істейтін адам іздеп қаншама әуреге түстім.

Осы жайды айтып Әділбек жұмыспен қамту орталығын да құлағдар еткен екен. Орталық арқылы үш жұмысшы тауыпты. Қазір айлығын кешіктірмей төлеп, жағдайын жасап отыр.

Енді бір ауыз сөз кәсіпкерлік ағаш цехы шығаратын өнімдер туралы. Үй жанындағы «беседка». Жұп-жұмыр, атқан оқтай тұзу, көрген жанның көзін тойдыратын, лакталған ағаш. Сәулетті де сәнді, ортадағы үстелі де, жайғасып отыратын орындықтары да, басқа көз тартарлық, салқын самалға самайын сүйдіріп, демалған адамға қажетті бұйымның бәрі ағаштан жасалған. Дәулетін жетсе, үйдің жанына қондырып, қонысыңның

Байкал БАЙӘДІЛОВ,
Ақмола облысы

Шеттегі шиеленіс

Мәлімдемеле «Корей Халық Демократиялық Республикасы (КХДР) зымырандық және ядролық бағдарламалары барлық мүдделі тарапқа келіссөздер процесін жедел қалпына келтіру жолымен өзара қолайлы шешімді іздестіру жөніндегі бірлескен күш-

Еліміз болашақ ядросыз ғаламшарды қамтамасыз ету жөніндегі ұжымдық күш-жігерге іріткі салатын Пхеньяның жауапсыз саясатын және оның арандатушылық әрекеттерін жалпы айыптауға қосылады. Бұл туралы БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің (БҰҰ ҚК) 5 тамыздағы отырысының барысында еліміздің ресми өкілі мәлімдеді.

қолданылатын ең қатан санкцияларды қамтиды. Бұл шаралар Солтүстік Кореяның негізгі экспортына бағытталады, ол көмірдің (Солтүстік Кореяның сыртқы мүсімінің аса ірі көзі), темір рудасының,

ҚАУІПТІ СЫНАҚҚА – СЫҢДАРЛЫ ЖАУАП



жігерді жандандыру қажеттігін талап етеді. Қазақстандық дипломатия проблеманы күшпен емес, диалог арқылы ғана шешіп, қалыптасқан жағдайдан шығуға болады деп есептейді», — делінген.

Сыртқы істер министрлігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесі отырыста КХДР-дың БҰҰ ҚК барлық тиісті қарарын бұзып, ядролық бағдарламаны іске асыруды жалғастыруға жауап ретінде оған қатысты жана қарарды бірауыздан қабылдады.

2371 қарар (2017) баллистикалық зымыранды сынауға жауап ретінде

қорғасынның, қорғасын рудасының және теңіз өнімдерінің экспортына толық тыйым салалы. Бұдан басқа, қарар БҰҰ ҚК-нің бұған дейін қабылдаған қарарларын бұзуға қатысы бар КХДР жеке және заңды тұлғаларының санкциялық тізімін кеңейтеді.

Бұрын-соңды болып көрмеген санкциялық шаралар Солтүстік Кореяның ядролық бағдарламасын дамытуды жалғастыруға арналған қаржылық мүмкіндікті шектеу мақсатында оның валюталық кірісін қысқартуға (шамамен үштен біріне) арналады.

Бейбітшілік



Алматы облысындағы «Іле» оқу-жаттығу полигонында қорғаныс министрі генерал-полковник Сәкен Жасұзақовтың басшылығымен «Дала қыраны – 2017» халықаралық бітімгерлік тактикалық-арнайы оқу-жаттығуы жабылуының салтанатты рәсімі өтті. Оған қатысушы елдердің өкілдері, оның ішінде, әскери-дипломатиялық корпус басшылары, НАТО-ның әскери сарапшылары, сондай-ақ АҚШ-тың, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия біріккен Корольдігінің, Тәжікстан мен Қырғызстаннан бақылаушылары қатысты.

Еліміздің қорғаныс министрі «Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне үндеуінде Қазақстан БҰҰ-ның бітімгерлік жүйесін одан әрі жетілдіруге мүдделі және әскери бақылаушылар мен бейбітшілікті қолдау бойынша БҰҰ миссиясындағы бітімгерлер санын ұлғайтуға ниетті деп атап өткен болатын. Осыған байланысты, біз біріккен бітімгерлік дайындықты жалғастыра береміз. Бүгінгі «Дала қыраны» жаттығуы осының жарқын көрінісі болып табылады, — деді. Сондай-ақ ол «Дала қыраны» халықаралық бітімгерлік тактикалық-

өткізу қатысушы елдердің ынтымақтастығын нығайту мен жедел үйлесімділік деңгейін арттыруда маңызды құрал болып отырғанын атап өтті. Өз кезегінде НАТО Ынтымақтастық және өңірлік қауіпсіздік басқармасының директоры генерал-майор Ян Тофт жаттығуды ұйымдастырушыларға алғысын айтып, жаттығу шенберінде «Жедел әлеует тұжырымдамасы» бағдарламасы бойынша стандарттарға сәйкестігімен растаған «Қазбат» қазақстандық бітімгерлік батальоны жеке құрамының дайындық деңгейіне НАТО сарапшыларының берген ресми оң бағасын жеткізді.



Министрліктің баспасөз қызметі хабарлағандай, «Дала қыраны» оқу-жаттығулары 2003 жылдан бері өткізіліп келеді. 2012 жылдан бері аталған жаттығу кең көлемдегі қатысушыларды тарта отырып, «Бейбітшілік үшін серіктестік» шенберінде өткізілуде.

Дайындаған
Руслан ДОСТАЕВ

Байланыс

Ұлыбританияға аттанар алдында студенттер ЭКСПО көрмесіндегі тиімділікті арттыруға және

«Эйр Астана» ұлттық әуе тасымалдаушысы Крэнфилд университетінде аэроғарыштық технология бағдарламасы бойынша арнайы курсқа елімізден баратын студенттер мен оқытушыларды Лондонға тегін ұшуына мүмкіндік жасайды. 36 студент пен 6 ұстаз 7 күндік семинарға тамыздың 6 мен 13 аралығында барып қайтады.

азайту амалын табуға топтық тапсырманы алған.

Осы жылдың маусым айында Астанаға еліміздің барлық өңірінен келген студенттер үш күндік іріктеуден өткен. Ұлыбританияда қазақстандық делегация аэроғарыштық технологияларды зерттеумен байланысты бірнеше шараға қатысады.

ЛОНДОНҒА ТЕГІН ҰШАДЫ



отын шығынын азайтуға септігін тигізетін технологияларды көрсететін «Эйр Астананың» стендін көріп шықты. Онда студенттер

компания өкілдерімен кездесіп, Батыс Еуропадан Оңтүстік Шығыс Азияға ұшатын рейсте атмосфераға көміртек шығарылуын

Курс бағдарламасы авиациялық ғылым мен технология бойынша бағдарлама басшысы Гай Грэттонның, аэродинамика және борттық өлшем бойынша бағдарлама профессоры Ник Лоусонның және тағы басқа авиациялық индустриядағы әйгілі дәріскерлердің және кәсіпқойлардың дәрісін алады. Сонымен қатар топ аэродинамикалық құбырда ұшып көреді. Сондай-ақ Boeing 737-400 әуе кемесі мен әлемдегі ең ірі дирижабль немесе Ұлттық ұшатын зертхана орталығы Airlander 10 көре алады.

«Эйр Астана» АҚ президенті Питер Фостер «Әуекомпания өзінің техникалық қызметкерлерінің іріктеуімен және оқытуымен үздіксіз айналысуда. Жас таланттарға мектепте ертерек назар салсақ, тіпті жақсы. Жастар әлемдегі аэроғарыштық технологиялар саласында жетекші болып табылатын Крэнфилдте оқығаннан пайдалы тәжірибе алып, жақсы уақыт өткізеді» деген сенімдеміз» — деп өз ойын білдірді.

Бұл бағдарламаға әділет министрлігі, Samruk-Kazyna Trust әлеуметтік жобаларды дамыту қоры, Назарбаев университеті және «Эйр Астана» бастамашылық етті. Студенттер мен оқытушыларды Астанада британ елшісі, ал Лондонда Қазақстан елшілігі қабылдайды.

Жас казак: Әр жұма сайын Алматы қаласындағы мешіттерде іне шаншар орын болмайды. Бұл қала тұрғындарының дінге бет бұрғанын байқатса керек. Орталық мешіттің бас имамы ретінде қаладағы діни ахуалға қандай баға бересіз?

Нұрбек Есмағанбет: Алматы қаласының күйбең тіршілігі тұрғындарды рухани тұрғыдан шаршатады. Ата-бабамыз Сүннет жолы «құстың ұшуы құстың екі қанатымен жүзеге асады. Адамның өмір жолында, екі қанаты, яғни дүние тіршілігі мен рухани әлемінің бір жерден тоғысуында», — деген қағиданы мықтап ұстанған. Әлихан Бөкейханов атамыз бір сөзінде «Халыққа қызмет ету үшін білім жеткіліксіз, имандылық қажет. Себебі шайтан жәннаттан білімсіздіктен емес, имансыздықтан қуылды», — деген екен. Алматылықтар осы қағидаларды жақсы ұстанады деп ойлаймын. Олай болмаған жағдайда Алматы еліміздің ірі мегаполисіне айналмас еді. Қала тұрғындары еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған азаматтардан құралған. Жан-жақтан жиылғанына қарамастан, дүние тіршілігінде де, рухани көзқарасында да ауызбіршілік табуы қиынға соғып жатқан жоқ. Тіл табысудың бірден-бір жетекші күші ретінде, қаламыздағы алды РНД доктор, соны медреселеріміздің үздік түлектерінен құралған мешіт қызметкерлері деп сеніммен айта аламын. Тіптен жат ағым өкілдері де Алматыға келіп, көзі ашылып, ақиқатты түсініп жатқан оқиғалар жеткілікті. Бұл орайда «Ат айналып қазығын табар» — демекші, Алматы руханияттың алтын қазығы десек болатындай. Оның үстіне 2015 жылы қаламыз «Руханияттың астанасы» атанғаны баршаға мәлім.

Жас казак: Алматы қаласының орталық мешіті болғандықтан, қала әкімдігімен бірлесе жұмыс жасайтындарыңыз белгілі. Ортақ қандай шаруа атқарылып жатыр?

Нұрбек Есмағанбет: Алматы қаласы әкімдігімен рухани шара да байланысымыз күн санап нығайып келе жатыр. Биылғы 2017 жылдың жоспары бойынша 6 топ құрылған. Әр топта 25 маман бар. Олар осы уақытқа дейін 150 семинар өткізді. Қаламызда 48 мешіт толыққанды жұмыс істеп тұр. Мешіттердегі жамағаттың ауызбіршілігін арттыру мақсатында «Асыл мұра» бағдарламасы іске қосылып, футболдан жарыс өткізілуде. Елорда күні қарсаңында сайыстың ашылу салтанаты болды. Қараша айында мәресіне жетпек. Жалпы әр аптаның сенбі, жексенбі күндері жамағаттар бас қосып, спортпен шұғылдандыру дәстүрге айналдырды. Бұдан бөлек, діни мерекемен қатар, мемлекеттік мерекелерде де тығыз байланыстамыз.



Жас казак: Жакында ғана Мысырда казак студенттерінің тұтқындалуына байланысты дін істері және азаматтық қоғам министрі Нұрлан Ермекебаев шетелде діни білім алудың қауіпті екенін ескертті. Жастардың қаламызда діни білімін жетілдіруде қандай жұмыс атқарылып жатыр?



Дін мен дәстүр егіз ұғым. Ал осы қос ұғымды қабылдап, ой елегінен өткізу әр адамның еншісінде. Себебі ертең күні қандай жолға түссе де өз таңдауы үшін, діни сауаттылығын арттыру үшін бірқатар шаруа атқарылуда. Қаззақ қоғамының, руханияттың алтын діңгегі Алматы қаласында екі миллионға жуық адам тұрады. Оның басым бөлігі жастар. Жат ағымның жетегінде кетіп жатқан да 20-35 аралығындағы азаматтар. Алматы қаласының бас имамы Нұрбек Әуесханұлымен сұхбаттасуға барғанымызда, осы сынды түйткілді мәселенің анық-қанығын біліп қайттық.



Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті университетіне «Әл Азһар» жоғары оқу орнының ғалымдары шақырылған.

Жас казак: Шетелге білім алуға барған жастарымыз нені ескеруі тиіс?

Нұрбек Есмағанбет: Талапкер шетелде діни білім алғысы



келсе, ең әуелі ҚМДБ ұстанатын мәзһабты дәлелімен елде үйренгені жөн. Бұл жолда талапкерге медресеміз бен Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті университеті бағдаршы бола алады. Екіншіден, талапкер өзге елге дәстүр емес, білім үйренуге бара жатқанын ескеруі қажет. Қазіргі таңда шетел асып «Болашақ» бағдарламасымен немесе басқа да бағдарламамен оқыған студент ол елдің дәстүрін немесе басқа да біздің қоғамға жат әдетін елге әкеліп жатады. Шетелге жіберілетін талапкер өз елінің нағыз патриоты екенін дәлелдеуі қажет. Осыдан біраз жыл бұрын Аустралияға оқуға кеткен қарақөз қарындасымыз сол жақтың азаматына тұрмысқа шығып, сонында күйеуінің қолынан қаза тапқанын білеміз. Талапкердің бойынан табылуы тиіс ең маңызды қасиет отансүйгіштік пен патриотизм.

СЕНІМ МЕН ҢНТЫМАҚТЫҢ БАСТАМАСЫ

Нұрбек Есмағанбет: Менің білуімше, студенттер Мысыр елінің «Ніл» тіл жетілдіру курсына араб тілін үйренуге барған. Ал діни білім алудың қауіптілігіне тоқталар болсам, бүгінде Мысыр еліндегі «Әл Азһар» университеті ҚМДБ (Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы) жолдамасынсыз студенттерді қабылдамауы жөнінде келіссөз жүргізген. Нәтижесінде 2016-2017 оқу жылында алғашқы талапкерлеріміз білім грантына ие болды. Ал ҚМДБ тіл үйренуге баратындарға жауапты емес. Елімізде Сансызбай Шоқанұлы, Еркін Әміре, Еркінбек Шоқай, Қабылбек Әліпбайұлы, Ризабек Батталұлы секілді білікті мамандарымыз бар. Бұл ұстаздар дін білімін елімізде де бере алады. Бұрынғы кезде олар шетел асып, білім ізленуге мәжбүр болса, қазіргі таңда ондай мұқтаждық жоқ. Ұстаз жеткілікті. Шетелде оқығысы келетін талапкерге өз елімізде де сол деңгейде білім алуға жағдай жасалып, Елбасы қолдауымен

мамандарымыз бар. Бұл ұстаздар дін білімін елімізде де бере алады. Бұрынғы кезде олар шетел асып, білім ізленуге мәжбүр болса, қазіргі таңда ондай мұқтаждық жоқ. Ұстаз жеткілікті. Шетелде оқығысы келетін талапкерге өз елімізде де сол деңгейде білім алуға жағдай жасалып, Елбасы қолдауымен

Жас казак: Алматы мешіттерінің әрі имамдардың арасында ынтымақтастықты арттыру, байланысты нығайту үшін не істелуде?

Нұрбек Есмағанбет: Мешіт имамдары арасында ынтымақ, татулық тақырыбында еш қиындық жоқ. Себебі имамдар басшыға бағыну принципі қатан ұстанады. Барлық 48 мешіт ҚМДБ филиалы болып тіркелген. Алматы орталық мешіті 48 мешітке жауапты өкілдік міндетін атқарады. Имамдарымыз жиі білімін жетілдіру ұйымдастыру арқылы бір-бірін жақын таниды. Әр имамның жұмысын қалағалап, баға беру үшін Алматы орталық мешітінен аудан бойынша жетекші бекітілген. Имамдардың арасында жақсы жалақы алатыны да бар. Алайда басым бөлігі жалақысыз қызмет етеді. Осы жылы Ақтөбе, Қарағанды өңірлеріндегі ауылдарды су алды. Сол кезде еліміздің бас мүфтіі барып, үйі суға кеткендерге баспана алып берді.

Алматы қаласы 20 тонна азық-түлік пен 4 млн теңге қаржылай көмек көрсетті. Демалысыз кім жұмыс жасайды? — десеніз, әлбетте «имам» деп айтар едім. Себебі бес уақыт намазда сенбі, жексенбі деген жоқ. Олардың арасындағы байланысқа келер болсақ, алдында атап өткенімдей, Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек мырзаның қолдауымен «Асыл мұра» атты бағдарламаны енгіздік. Бұл жерде футбол ойыны бойынша әр мешіттен 5 команда құрылып жарыс өтіп жатыр. Бірінші кезең әр мешіттің жамағаты арасында өтеді. Мешіттен жеңіп шыққан команда аудан бойынша жарысқа қатысады. Ал ауданнан шыққан жеңімпаз әр қала бойынша сайысқа түседі. Үздік шыққан командаға 1 млн теңге көлемінде сыйақы беріледі. Бұл жарыс маусым айының

www.jasqazaq.kz

ИМАН

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

өз бетінше соғысқа кеткен азаматтарды елден шеттетсе, оның ешқандай сөкеттігі жоқ.

Жас казак: Туған елін тәрк етуіне не себеп деп ойлайсыз?

Нұрбек Есмағанбет: Ең бірінші діни сауатсыздық. Елімізде пәтуа беру мәселесінде де, оларды жіті назарға алу керек. Кейбір өзге елдерде отырып, біздің жастарымызды басқарып отырғандар бар секілді. Олардың кейбірі біздің елде болмаған. Қазақстанның қандай ел, қай жерде орналасқанын білмейтін болуы да мүмкін. Сөйте отырып, олар намаз оқымаса, «қапір», намаз оқымайтын ата-ананың қолынан тамақ ішуге болмайды — «харам» деген пәтуалар береді. Ал біздің елде болмаған адамның пәтуа беруі — қате. Бұл мәселеде елдің тұрмысы, ауа райы секілді барлық дүние ескерілуі қажет. Пәтуаны өзіміздің ҚМДБ-ның «пәтуа бөлімі» бар. Сол жерден алуымыз керек. Сонда ғана өмірі, жалпы бағыты дұрыс болады.

Жас казак: Сақал қойып, балақ қысқарту, тұмшаланып киінуге тыйым салу Елбасына дейін жеткен мәселенің бірі. Бұл мәселенің әлі күнге дейін шешімін таппауына не себеп деп ойлайсыз?

Нұрбек Есмағанбет: Бұл жерде мәселе сақал мен балақта емес. Адамның жүрегінде, ұстанатын сенімінде. Мысалы, шариғат үкімінде сақал қою жақсы амал. Балақ қысқарту қаншалықты дұрыс, бұрыс оны шариғатты жете меңгерген адам біледі. Өйткені пайғамбарымыз (с.ғ.с) заманында балақ қысқартуға қажеттілік туған. Өйткені ол уақытта бай адам тәкаппарлығымен, менмендігімен балағын сүйретіп жүрген. Сол себепті пайғамбар тарапынан «балақ сүйретіп жүрмендер, тәкаппар болмандар» — деген бұйрық болған. Ал қазір ондай заман емес. Сол себепті көп дүние уақытына байланысты. Оны жіті зерттеп, түсінуіміз қажет. Егер қазір балағын қысқартып, тәкаппарланып жүретін болса, онда оның амалының еш мәні жоқ, меніңше. Сондықтан жаңағы хадис



белсенділігін де арттыру үшін айтарлықтай жұмыс жүріп жатыр дегуге толық негіз бар.

Жас казак: «Жиһад жасаймыз» — деп шетелге аттанған азамат үшін еліміздің қақпасы бұдан былай жабық. Тіпті азаматтығынан айырылады. Қалай ойлайсыз, бұл мәжбүрлі шара ма?



Нұрбек Есмағанбет: Ең алдымен, біз «жиһад» деген сөзді түсініп алуымыз керек. Қазіргі уақытта шетел асып жатқан азаматтардың сол жаққа баруы жиһадқа жата ма? Әлде олай емес пе? Қасиетті Құран Көрімде жиһад туралы көп айтылады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с) хадистерінде де айтылады. Мысалға келтіре кетсем, пайғамбарымыз (с.ғ.с) бір үлкен соғыстан қайтып келе жатады. Сонда ол «кіші жиһадтан үлкен жиһадқа келе жатырмыз» — дейді. Сонда қасындағы сахабалары: «Уа, Расулалла бұдан да үлкен жиһад болуы мүмкін бе?» — деп сұрайды. Сонда пайғамбарымыз әркімнің өз нәпсісімен болған күресі, ең үлкен күрес екендігін айтқан екен. Ең бірінші сол сөздің мағынасын түсіну. Жиһадты жариялағанның өзінде сол елдің басшысы немесе дінбасы жариялауы керек. Ал бізде ешкім оны жариялаған жоқ. Оны өз бетінше жариялап жатқандар бүлік шығарушы деп есептеймін. Ал басшыларына бағынбай

тәкаппарлықтан арылу үшін айтылған. Дәл сол сияқты сақал қою мәселесі. Оны да қалай болса солай қоя салу дұрыс емес. Мысалы үшін, бабаларымыз қойды ғой. Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлында тағы басқа ғалымдарымыздың барлығында да сақал болды. Бұл жерде ең маңыздысы — сақалды қоюдың әдебі. Ол заманда сақалы бар адам белгілі бір дәрежеде сыйға ие болған. Ешкімнің жүрегін жарып көрген жоқпыз. Сақал қойып, намазын оқып, дұрыс сенімде жүрген азамат та көп. Бұл жерде дәріптеу мәселесі айтарлықтай рөл атқарады деп ойлаймын.

Жас казак: Жалпы, имамдарымыздың түрмеге барып, түсіндіру жұмысын жүргізетіндігінен де хабарымыз бар. Лаңкестік пен экстремизм бойынша түрмеге түскен азаматтармен жұмыс қалай жүргізіліп жатыр?

Нұрбек Есмағанбет: Қазіргі таңда Алматы қаласы бойынша 5 түзеу мекемесі бар. Ол жерде тек осы экстремизм мен терроризм ісі бойынша 60 адам отыр. Олармен әр апта барып кездесіп, жұмыс жүргізіп жатқан діни басқарманың 96 имамы бар. Түрмеге кіріп шығу қаншалықты ауыр болса, ондағы терроризм экстремизммен айыпталғандармен жұмыс жүргізу одан да ауыр. Осы уақытқа дейін Алматы қаласы бойынша жалпы 365 адамға 18 рет кездесу ұйымдастырылды. Оның 60-ы жат ағым өкілі. Әр кездесуде арнайы тақырып белгіленеді. Сол бойынша уағыз айтылады. Қазіргі уақытта нақты 5 азамат түзу жолға түсті. Ал 69 азаматпен жеке кездесу жүргізілді.

Жас казак: Құрбан айт жақындап келеді. Дайындықты бастадыңыздар ма? Қандай жоспарларыңыз бар?

Нұрбек Есмағанбет: Алдында айтқан «Асыл мұра» бағдарламасы аясында осыған дейін діни мереке мен мемлекеттік мереке қарсаңында түрлі іс-шара ұйымдастырылып отырды. Дәл сол секілді келе жатқан Құрбан айт мерекесін осы Алматы орталық мешітінің алауында тойлау жоспарланып отыр. Ол күні ақсақалдар арасында спорттық жарыс, жастар арасында арнайы сайыс ұйымдастыру жоспарда бар. Аулада кен дастархан жайылып, сыйлық үлестіріліп, үлкен көлемде атқарып шығамыз деген ойымыз бар. Биылғы Құрбан айт мерекесі 1 қыркүйекке түсіп тұр. Сондай-ақ тағы да қосымша хабарландырулар болады.

6 INNOVATION

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Шаһар тынысы

Жас казак: «Smart Алматы» тұжырымдамасы қалай құрылды? Жалпы, Smart City дегеніміз не?

Руслан Асаубаев: Алматы қаласы әкімдігінің тапсырмасымен «Алматы қаласын дамыту орталығы» 2015 жылы «Алматы-2020» бағдарламасын құрды. Осы орайда шаһарды дамытудың 5 негізгі қағидасын атап өтейін. Олар — әр тұрғынға камқорлық көрсету. Бұл дегеніміз — сапалы білім, денсаулық сақтау, қауіпсіздік, жол және қолайлы қоғамдық көлік, аялдама, әдемі саябақ тағысын тағы. Екіншісі үздік тәжірибеге сүйене отырып, мемлекеттік мәселе бойынша тиімді және үнемді шешім қабылдау. Үшіншіден, бизнесті экономиканың драйвері ретінде ынталандыру. Қолайлы жағдай қарастыру. Өзіне де, мемлекетке де пайдасын тигізіп, дамуына үлес қосу. Төртіншіден, азаматтық қоғамды тарту. Бесіншісі, жергілікті мемлекеттік мекемелердің ашықтығы және есеп беруге міндеттелуі.

Технология жүйесін ескерер болсақ, Smart City жобасын іске асыру тұрақты түрде дамуға мүмкіндік береді. Бұл ойдан шығарылған дүние емес. Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып жасалған.

Жас казак: Алматының дамуы үшін қазіргі таңда не қажет?

Руслан Асаубаев: Бұл мәселені шешу үшін жеті негізгі жоба құрылды. Олар: 1. Жайлы қала 2. Open Almaty 3. Электрондық ПИК 4. Ашық бюджет 5. Ашық дерек 6. Зияткерлік көлік жүйесі 7. Қауіпсіз қала.

байланысты қаламдық нұсқаудан тұрады. Бұл порталда



БОЛАШАҚТЫҢ ҚАЛАСЫ

Руслан Асаубаев: Тұжырымдаманы әзірлеу барысында әкімдіктің бөлімшелерінде қолданылып жүрген ақпараттық жүйелерді түгендеуді қолға алдық. Бұл жұмыс автоматтандырудың нақты деңгейін және ағымдағы істің қалыпты жағдайын білу үшін жасалынды. Таңдалған бағыт бойынша 90 (24 басқарма, 66 ведомстваға қарасты ұйым) мекемені зерттедік. Нәтижесінде 144 ақпараттық жүйе анықталды. Түгендеу жұмысының нәтижесі бойынша әр бағыттың деңгейін айқындадық. Басында айтып өткенімдей, жобаны дайындау барысында Smart City қатарына кіретін 1000-нан аса қаланың тәжірибесіне жүгіндік. Мегполис технологиялық дамуы жағынан 5 балдық жүйеде екіншіге жақындады. 4 ұпай деңгейінде Сеул, Сингапур қаласы болса,

Жайлы қала жобасы — ең өзекті мәселенің шешімін тауып, тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы, жайлы жағдай жасауды көздейді. Осыған орай, Алматыны 2020 жылға дейін даму негізіне тоқтала кетсек. Ауаның ластану деңгейін қадағалап, қоқысты қайта өңдеуді қолға алу. Қаланың даму бағдарламасы жергілікті автокөлік жолдары үлесін өсіруді мақсат етіп отыр. Бүгінде Gehl Architects компаниясымен бірлесіп айтарлықтай жұмыс жүргіздік. Тұрғындардың қатысуымен 129 саябақты араладық. 26 саябақ пен бақтарды қайта қалпына келтіру қолға алынды. Осының негізінде 8 саябақ құрылысы жоспарланып отыр. Бұған қоса, барлық трамвай жолын түгелдей алып, орнына велосипед жолын



Руслан АСАУБАЕВ

денсаулық, білім, қаржы, жылжымайтын мүлік, сонымен қатар басқа да күнделікті және тұрмыстық мәселелердің 100-ден астам шешімі бар.

Халық пен билік арасында жана деңгейде қарым-қатынас орнату, әртүрлі әлеуметтік жағдайға байланысты қала тұрғындарына көмек көрсету. Open Almaty жобасы кедергісіз орта әрі барынша ашықтық қағидасын ұстанады. Бұған қоса, қоғамдық қабылдау тек кеңес беріп қоймай, мемлекеттік және жергілікті деңгейде белгілі бір қызмет түрін ұсынады.

«Электрондық ПИК» (пәтер иелерінің кооперативі) жөнінде айтар болсам, біздің негізгі міндет — тұрғындарға тиімді әрі сапалы қызмет көрсету.

Бізге 2 мыңнан астам шағым келіп түседі. Инстаграмм желісінің өзінде ПИК қызмет көрсету орталығына 75 пайыз халықтың көңілі толмай жатады. Бұл мәселені шешу үшін осы жобаны қолға алдық. Бір ай бұрын портал ашылды. Мұнда сіз үйіңіздің кай ПИК-ке қарасты екенін, жұмыс уақытын бақылап, нормативті құжаттың ережесін талқылауды іске асыра аласыз. Жыл аяғына дейін автоматтандыру және ақпарат алмасу жүйесін құру бағдарлама жоспарында көрсетілген.

Жас казак: «Ашық бюджет» жобасын түсіндіре кетсеңіз.

Руслан Асаубаев: Бұл жобада біз қаладағы бюджеттік жоспарлау тәсілін онтайландыру және автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізудеміз. Балабақша, мектеп, ауруханадағыдай барлық мемлекеттік

мекемелер өзінің бюджеттік және бағдарламалық есебін Open Data-да жариялап отыруы тиіс. Жоба заңсыз әрекеттердің алдын алуды көздейді.

Ашық деректің қызметі туралы айтсам, мұнда ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету. Бұл — «Ақылды қала» жобасын іске асыруда алдымызға қойылған негізгі міндеттің бірі болып табылады. Осы жоба аясында біз құпия, жабық болып келген ақпараттарды бүгінде ашық жариялаймыз. Бұл Big Data-да қарастырылатын болады.

Зияткерлік көлік жүйесі — аты айтып тұрғандай, көлік инфрақұрылымдарын реттеумен айналысады. Кез келген шаһардағы тұрғын үшін маңызды мәселенің бірі — жол кептелісі екені айтпасақ та белгілі. Қала билігімен бірлесіп, осы түйінді шешудің жолын қарастырып жатырмыз. Тұжырымдамаға сөйкес, өзге елдің тәжірибесіне сүйендік. Соның ішінде Нью-Йорк, Лондон, Мәскеу, Токио, Сингапур, Оңтүстік Корей қалалары бұл түйінді тарқатудың жолын тапқан. Осы жұмыс аясында Сингапур қаласының өзінде 400 млн доллар жұмсалған. Ал Лондонда көлік инфрақұрылымдары, қоғамдық көлік, қала орталықтарына кіру (ақылы), тұрақ, айыппұл осының барлығын Transport for London мемлекеттік компаниясы басқарады. Бұл бағытта жыл сайын миллиардтаған фунт жарағатады.

Осыларды ескере отырып, бірнеше инвестициялық ұсыныстарды қарадық. Алдағы уақытта қолданыстағы жүйелерді интеграциялау бойынша жұмыс істеуді басты назарға алдық.

Қауіпсіз қала жобасы — тұрғындар мен қонақтардың еркін жүріп, тұруы үшін,



қауіпсіздігі үшін жасалды. Алматы — бұл қаржылық және туристік орталық. Соның 5 жылда қаланың аумағы екі есеге ұлғайып, бейнебақылау жүйесі жүйелі жұмыс істеп, қылмыспен күресудің тиімділігін артты. Екі миллионнан астам жол жүру ережесі бұзылған. Жүйені енгізу үшін жұмсалған қаражат алғашқы екі-ақ жылда ақталды. Айыппұлдан бюджетке 13 миллиард теңге түсті. Осы тұрғыда айта кету керек, мұндай тиімді жобаны дамыту одан ары жалғасын табатын болады. Осы арқылы шаһардағы кез келген адам Еуропадағы кейбір дамыған елдегідей өзін қауіпсіз сезіне алуы тиіс. Жоба аясында мектептерге 3 жылдан бері бейнебақылау орнатылған болатын. Бұдан бөлек, бейнебақылауды балабақшаға орнату алдағы уақытта іске аспақ.

Бұған қоса, полиция қызметкері қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін заманауи құралмен жабдықталуда. Төтенше жағдай туындаған уақытта тұрғындарды ақпараттандыру бойынша тұрақты мониторинг жүргізіледі.

Жас казак: Ақылды қала жобасы аясында «Алматы қаласын дамыту орталығы» қандай міндет атқарды?

Руслан Асаубаев: «Алматы қаласын дамыту орталығы» шаһарымыздағы бизнес-процестердің ашықтығы мен деректің дұрыстығын үйлестіруді қамтамасыз етеді. Жалпы, біз «Ақылды қала» жобасы аясында сандық технологияны ғана енгізуді қолға алмаймыз. Біз үшін «Ақылды қала» — халық пен билік арасындағы қарым-қатынас құралы.

Сұхбаттасқан
Салтанат ШЫРЫНХАН

Таным

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Егемен Қазақстан» республикалық газетіне жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласына өзек болған бүгінгі таңдағы өзекті мәселелер көпшілік қауым арасында қызу талқыланып, қолдау тауып отырғаны белгілі.



«XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы» және «Тауа жылдардағы міндеттер» арқылы болашаққа қалам басудың бірнеше сатыларды қамтитын рухани құндылықтарымызға байланысты мәселелер Елбасының көзқарасы ретінде сараланған. Соның бірі — латын әліпбиіне көшу.

«Қазак тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық. Қазак тілінің әліпбиі тым тереңнен тамыр тартатынын білесіздер», — дей келіп, қазак жазуының тарихына байланысты біраз мәселелерге тоқталған Елбасы жақын арада қолға алынатын іс-шараларды көрсетіп берді.

Жазу тарихы бірнеше кезеңдерді бастан өткерген түркі халықтарының ішінде, ілкі кездерден латын графикасын пайдаланатын Түркия мемлекетін қоспағанда, Түрікменстан, Әзірбайжан, Өзбекстан Республикалары кириллицадан латын әліпбиіне көшкеніне біраз уақыттың жүзі болды. Бірнеше жылға созылғанымен, кемшіліктері де бар екені сыналып жатады. Осыдан 4-5 жыл бұрын Өзбекстанға барған сапарымда қаланың орталығындағы жазбаларда латын әліпбиі қолданылғанымен, сырт жақта орналасқан дүкен аттары, шағын жарнамалардың кирилл әрпімен жазылғанына куә болғаным бар, оның үстіне жасы үлкен адамдардың барлығы дерлік

ТАМЫРЫ ТЕРЕҢ ӘЛІПБИ

күнделікті өмірде ескі таңбаларды қолданады екен. Ал олардың әліпби ауыстырғанына жиырма жылдан асып барады.

Аталған елдердің жанадан қабылдаған әліпбиілеріне байланысты жетістіктері де, кемшіліктері де айтылатын сияқты. Қазак елі тағатысыздана күтіп отырған жаңа әліпби, латын әліпбиі төл фонетикамызға оң өзгерістер әкелері сөзсіз. Әрине, кей адамдарда латын әліпбиіне көшу барысында сауатсыздық пайда болып, құнды мұралардан айырылуымыз мүмкін деген күмән болуы да ықтимал, бірақ бүгінгі таңда, ғылым мен техниканың дамыған сәтінде, компьютерлік бағдарламалардың мүмкіндігі мол кезде, кириллицамен жазылған мұрамызды жаңа әліпбиге көшіру мәселесі де қиындықсыз шешілері сөзсіз.

Басқа түркітілдес халықтардың тілін түсінгенімізбен, басқа әліпбилі пайдаланатын қазақтардың жазандарын оқу оларға қиындық туғызатыны белгілі. Шетелдік қандастарымыз үшін баспасөз материалдарымыз, ғылыми еңбектеріміз, көркем шығармаларымызды түпнұсқада оқу мүмкін болмай келсе, енді латын графикасына көшу арқылы ол бөгет жойылары сөзсіз.

Жана әліпби басы артық әріптерден құтылуға жол ашады. Қазіргі жазуымызда қиындық туғызып жүрген мәселелердің бірі — дыбыс пен әріптің аражігін ажырата білмеу. Осыған байланысты болуға тиіс 9 дауысты дыбыстың саны көбейіп, 11-12-ге дейін жетіп жүр. Бұлардың ішінде я, ю, ё тәрізді әріптер де, и, у дауыссыз дыбыстарын әрі, дауысты, әрі дауыссыз деуішілік те бар.

Латын әліпбиіне көшу барысында ең басты назар аударатын мәселе — емле ережелері. Жазу табиғатымызға сай емле ережесі қабылданған жағдайда ғана сауатсыздық болмай, оқыту тәжірибесінде, үйрету жағдайында жетістікке жете аламыз, себебі әліпби ауыстыру — бір таңбаның орнына екінші таңбаны қоя салу емес. Түркі тілдеріне тән ең басты заңдылық болып саналатын үндесім заңы есепке алынып, жазу дәстүріміздегі фонематика-фонетикалық, тарихи-дәстүрлік қандалаттарға сүйеніп, дыбыстық ерекшеліктерімізді есепке алып жасалған емле ережесін үйретуде де қиындық туғыза қоймас.

Қандай да істін бастамасында қиындық болатыны белгілі, бірақ әліпби мәселесінде ондай қорқыныш болмауы керек. Себебі бұл бір-екі жылда емес, Тәуелсіздік алған жылдардан бастап сөз болып келе жатыр және Елбасы атап көрсеткендей, оқушылар ағылшын тілін оқу арқылы латын әріптерін меңгерген, ғалымдардың, барша қоғам өкілдерінің көмегімен қазак әліпбиінің жаңа нұсқасы қабылдануы керек, жана әліпби үйрететін мамандар, оқулықтар дайындалып, бір-екі жылда әдістемелік жұмыстар жүргізіледі. Яғни жана әліпбиге көшу бірнеше кезең арқылы жүзеге асады. Ең бастысы, жана әліпби төл дыбыстарымыздағы ерекшеліктердің сипатын нақты көрсете алатындай, қазір қолданылып жүрген басы артық әріптерден құтылатындай, орфографиялық заңдылығымыздың табиғатына сай келетіндігі болуы керек. Бізден бұрын латын жазуына көшкен түркі халықтарының қателігі бізге сабақ болып, сол қателіктерді қайталамау үшін жана қабылдайтын әліпбиіміздің ғылымилығына баса назар аударған жөн.

Жұмыла көтерген жүктің жеңіл болатыны бірлесе еңбек етіп, жанашырлық танытқанда, сәтті пікір айтып, оң шешім жасай алғанда білінеді.

Мархаба ТҰРСЫНОВА,
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті қазақ тілі білімі кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты

Құрық

Ақша алдында ардың арзандағаны ақиқат. Қазір көк қағаз үшін көңілдес болу намыс емес. Тіпті кейбір ата-аналар теңін тапса, қызын кез келген шетелдікке жетектегіп жіберуге әзір. «Қызы шетелдікке тұрмысқа шығыпты» деген сөз абырой саналады. Міне, осындай тәрбиені көрген қыз қалай бұзылмасын? Ақшаға сатылған арудан қандай ана шығады? Қорқынышты сұрақ!.. Осыдан үш жыл бұрын, яғни 2014 жылдың 14 сәуірінде «Балмұздақ гейша» деген тақырыппен Алматыдағы Сейфуллин көшесі мен Райымбек даңғылының қиылысындағы «Алтын айдаһар» қонақүйінде шетелдіктерге қызмет ететін қазақ қыздары туралы жазған едік. Ол жолы қытай, көріс, жапон ұлтының өкілдеріне «гейша» болып жүрген 34 қарақөз қарындасымыздың тағдырына бір жағы алаңдап, бір жағы танданып қалам ұстағанбыз. Бұл жолы етіміз үйренген сияқты.

Шетелдіктерге арналған қонақүйлерде, яғни қытай қонақүйлерінде қызмет қылатын қыздарға екі түрлі жұмыс ұсынылады. Оның бірі — «кофе», екіншісі түрі — «шай» деп аталады. Жұмбақтап атауының сыры сақтықтан туса керек-ті. «Шайынан» бастайық. «Шай» қызметіндегі қарақөз қыздар — қонақпен дастархан басында бірге отырып, әзіл-қалжыңымен, әнімен көңілін көтереді. Келісімдегі қызмет түрі осы ғана. Үш жыл бұрынғы мақаламызда «шай» қыздардың табысы 5 мың теңгеден басталатынын айтқанбыз. Ал «кофе» қызметіне жегілген қарындастарымыздың табысы едәуір жоғары еді. Ол кездегі «кофелердің» бір түнгі табысы 20 мың теңгеден басталатын. Ары қарай қонақтың жомарттығына байланысты. Сонда «кофе» дегені кімдер? Олар — қонағымен бірге отырып, «шайдың» қызметін өтеп, одан ары қонақүйдегі жайлы бір бөлмеде: төсекке малы қосылмаса да, төсекте басы қосылатындар. Қазір «кофелердің» табысы көбейген. Баяғы 20 мың теңге жоқ. Доллармен саудаласалы. Кемі 80 доллардан басталып, қонағының жомарттығына қыздың қылығы жарасып жатса, бірнеше мың долларға дейін шарықтап кетеді.

БІР ТАҒДЫР – БІР ӘЛЕМ

Қараке-клубта қыздардың дені студент. Алматыдағы жоғары оқу орындарының тәлімгері. Тақырыпты жан-жақты ашу үшін кейіпкерлерге жеке-жеке тоқталайық. Қойдай иірілген қырық жеті қыздың ішіндегі ең әдемісі, ай десе аузы, күн десе көзі бар — Құралай (*аты өзгертілді*). Ойнап жүріп, от басып қалғанын осы қазір ғана сезініп отырғандай. Көзі боталап, аяқ-қолы дірілдеді де қалды. Әсіресе, «Арланның» жігіттері

«Бірінші курсты тәмамдаған жылы караоке-барға аниматор болып жұмысқа тұрдым. Күніне 5000 теңгеге келістім. Әкімші өте қарапайым әрі итіпатты болып көрінді. Аниматордың міндеті қонақтардың қасында ішіп-жеп, демалып отыру екен. Талап, әдемі киіммен боянып келу. Одан бөлек, киім ауыстырып, жүзінді әрлеуге, сәнденуге арналған бөлме берілді. Жұмыс уақыты кешкі 20:00-ден түнгі 02:00-ге дейін. Мұнда әртүрлі қыздар көзіме түсті. Олардың жұмыста жалған есімі болды. Қонақтар келісімімен біз екі қатарға тізіле түстік. Әкімші шай немесе кофе деп сұрады. Екі сағат уақыт өтті. Ешқандай қонаққа ұнамадым. Түнгі 23:00 шамасында ең соңғы екі қонақ келді. Бірі шай, екіншісі кофеге тапсырыс берді. Біріншісі бір қызды таңдады, екіншісі ұзақ ойланып мені көрсетті. Қасымдағы қыз бөрімізге ішімдік құйды. Содан кейін өзін таңдаған кісімен билеп, құшақтаса бастады. Ал мені таңдаған еркек сөзге тартты. Мен оған бүгін бірінші әрі соңғы күн жұмысқа шыққанымды түсіндірдім. Қасымдағы қыз қонақтардан қызмет ақыны әкімшіге емес, өзіне төлеуді

«МЕЙМЕЙ»

сұрады. Қонақтар ашуланып, сол жерде ұрыс басталып кетті. Мен сыртқа қашып шықтым».

Студент қыздың бұл жазбасы yvision.kz сайтына жарияланды. Бұл — бір ғана оқиға. Алматыда қыздарды ақшамен арбайтын мұндай орталық көп. Өткен аптада қалалық ішкі істер департаментінің «Арлан» арнайы жасақ қызметі жүргізген рейд көзінде Нұрмақов көшесінің бойында орналасқан караоке-клубта шетелдіктерге қызмет ететін 47 қарақөз қыз өшкереленді. Онда patrul.kz сайтының тілшілері де болған.

тұрады. Жұмыс табу деген өзі ойлағандай оңай болмалы. Аты таудай кенселердің есігін қағып көріп еді, біреуі диплом сұрады. Біреуі жұмыс тәжірибе талап етті. Қойшы, сөйтіп жүргенде, бір апта зулап өте шықты. Дөңгелек көзді қыздың қалтасындағы шәкіртақыдан үнемдеген аз тиынның жұрнағы ғана қалған. Бір күні кешке жалдамалы пәтеріне құрбысы Динара қуанып кірді. «Құралай, сүйінші! Екеуімізге жақсы жұмыс таптым. Табысы да, жағдайы да тәуір!» — деп қуанышын жасыра алмай тұр.

— Сен тапқан қай жұмыс тәуір болушы еді? Біресе, еден жуайық дейсін. Біресе,

бірақ ісі түсіп тұрған соң, шыдап бакты. — «Динара, мынауың гей ме?» — деді Құралай құрбысының құлағына сыбырлап. — «Солай сияқты, Құралай! Бірақ тыныш тұра бер. Гей қызға тиіспейді. Олар еркекті жақсы көреді» — деп сықылықтап күлді. — Бізде жұмыс былай — деп саусақтарын майыстырып сөзін бастады Мура. — Ең бірінші, сұмды болуың керек. Екінші, ағылшын тілін білу міндетті.

ҚАРАКӨЗДЕР



топыралап кіріп келіп, мұны әлгі бір жігіттің тізесінде отырған жерінен жұлып алғанда, бұл түсінен шошып оянғандай баж ете қалған...

ҚАЙРАН, ҚҰРАЛАЙ!

Құралаймен департаментке келгенде тілдестік. Басқа қыздар сияқты қырсыққан жоқ. Қойған сұрағымызға нақты әрі толық жауап беріп отырды... Ол биыл жиырмаға толған. Үшінші курсты аяқтап жатыр. Жазғы демалысты жылдағыдай ауылда қарсы алғысы келмеді. Қанша дегенмен бойжетті ғой. Әдемі көйлек кино керек. Жақсы әгір сеуіп, курстас-группалас қыздардан қалмауға тиіс. Осының бәрін ойлаған қарақөз ару ауылға барудан, ақша таппайтын, үйден шықпайтын, құрыдан-құры екі ай жататын тыныш өмірден бас тартты. Сөйтіп, Алматыда қалды. Ауылына, сонау Жайықта жатқан Оралдағы әке-шешесіне қонырау шалып, биыл жазғы демалысын Алматыда өткізетінін, жұмыс істеп, ақша табатынын айтты. Айтқанда да, бұлтатқатпай, кесіп-пішіп шешімін жеткізді. Олай бекінбесе, лажы жоқ еді. Өйткені, әкесі қызына қатал тәрбие берді. Мектеп бітіргенше қия бастырған жоқ. Оқуға түсіп, Алматыға кеткен соң ғана құрығы жетпей қалды. Соның өзінде күн сайын қонырау шалып, хәлін біліп, тіпті тергеп-тексеріп тұратын. Бірінші мен екінші курсты аяқтаған жылы анау-мынау сылтауын тындамай, Оралға қайтарып еді қамқор әке. Бұл жолы қызы мықты шықты. «Әке, жасым болса, жиырмаға келді. Қашанғы сіздерге бала болып, рұқсат сұрап жүремін? Өзімше өмір сүріп көрейін. Ақша табайын. Өз киімді өзім алайын» — деп қылды. Қатал әке қанша қосайғанымен, ақыры көнді. Құралай бас сұлуынан өзі. Жүрген жүрісі хан қызындай паң, қор қызындай кербез. Атты кісі түсіп, жаяу адам жатып қарайтындай көркем жан. Құралай десе, құралай: көзі дөп-дөңгелек, жүзі сәбилің дидарындай нұрланып

бала күтуші, даяшы боламыз дейсін. Өзін

білесін ғой, маған ондай жұмыстың ұнамайтынын.

— Бұл жолғы жұмыс мүлде бөлек!

— Мықты университеттің студенті

бола тұрып, жұмыс таба алмай жатқанымыз

ұят болды. Айтшы, ал сонымен қандай жұмыс

таптын, құрбым? — деді төсектеп басын

көтермеген Құралай.

— Мықты караоке-

клубта «меймей» боламыз.

— «Меймейің» не? — деді бұл тосын атауға елендеп.

— Оны ертең түсінесін. Бүгін демал. Өзім де

білмеймін.

— Білмейтін жұмысқа сүйінші сұраған сенен

көрдім. Бірақ караоке-клубта болса, тамаша

жұмыс шығар?! — деп Құралай да риза болып

жатыр.

АДАСУДЫҢ АЛҒАШҚЫ КҮНІ

Ертесі күні Құралай мен Динара қолындағы мекен-жай бойынша караоке-клубты тауып алды. Сырты белгісіздеу болғанымен, іші қайнап жататын жер екен. Кешке қарай барған. Бұларды Оксана деген орыс қыз күтіп алып, ішке ертіп кірді. Музыка әуені жас қыздарды желіктіріп жібергендей. Оксана бұларды түпкі бөлменің бірінен «Мура» деген жігітті тауып, сонымен тілдестірді. Әлгі Мураның тұрған тұрысы, жүрісі — бәрі біртүрлі. Еркектен төрі, қызға көбірек ұқсайды. Сызылып, қолынан ұстап тұрып, жұмыс барысын түсіндіріп жатыр. Мураның қылығы бұларға басында ұнамаған,



адамның кейінде сұрақ қойды).

— Болды. Ары қарайғы әңгімені жүре-жүре көресіндер. Көре-көре «мастер» боласыздар! — деп ерсілеу күлді. Күнде дауысы шикылдап шығады екен...

АЙПАРА

Жұмыстың алғашқы күндері аса қызықты болмады. Апта соңында ғана бір жомарт шетелдікке тап болыпты екеуі де. «Мен Бейжіңнен келдім. Ақтөбелегі мұнай компаниясының бірінде үлкен маманмын. Айына екі рет шақырады. Әр жолы келгенімде бірнеше мың доллар аламын. Ақшам көп. Бейжіңде жеке дүкендерім бар» — деп Құралай мен Динараны қызықтыра бастады Ли мырза. Бұларды Бейжіңге

МАЗАСЫЗ МҮЙІС

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



7

Алматы қалалық ішкі істер департаментіне соңғы бір жылда 2000-нан астам «жеңіл жүрісті» қыз-келіншек есепке алынды.

Дереккөзі
zanmedia.kz

шакырды. Сол күні екеуіне де қомақты ақша беріп, ертесі тағы келуін өтініп сұрады. Ертесі құрбылар айтқан уақытта, айтқан жерде болды. Бұл күнгі отырыс мүлде басқаша басталып, басқаша



аяқталды. Екі қыз оңаша бөлмеде таңға дейін ең қымбат ішімдіктен сілтеген. Ертесі түс ауа әлгі көзәйнекті қытайдың қойнынан бір-ақ ояныпты.

Лиді шығарып салған соң, Құралай мен Динара кінәні кімнен көрерін білмей, біріне-бірі қарап, қонақүйде кешке дейін жатты. Қараңғы түскен соң ғана әлгі қарғыс атқыр жың-ойнақтан әрең шықты. Біреуден ұялатын сияқты. Бірақ кімнен? Өздері де білмейді... Сол күннен кейін екі сұлуың егі үйрене бастады. Алғашқы күндерді Лиді сағынатын. Енді бұларға бәрібір. Кімнің ақшасы көп, кім жомарт, соның көңілін көтеріп, бірде «шай», бірде «кофе» болып көлдеп жүргендері...

Қарасұр форма киініп, сайдың тасындай сатырлап кіріп келген «Арлан» арнайы жасағына ұсталғанда, келесі бір қонақтардың көңілін көтеріп жатқан еді. Бұл күні Динара ауырып, Құралай жалғыз келген болатын. Құрбысының осындай уақыт бірге болып, мынадай қиын сәтте аман-сау құтылып кеткенінен іштей сезіктеніп қалған...

ЕГІЗ ҒҰМЫР – ЖАЛҚЫ ТАҒДЫР

Әлгі шетелдіктердің көк қағазына бола, көгілдір түнін жың-ойнақтарда өткізіп жүрген 47 қыздың бәрі сұлу. Бәрі іріктеліп, тандалып алынған періште дерсіз! Тіпті он екіде бір гүлі



ашылмағандай, көрген кісінің көзі тоятын: нәзік, еліктің лағындай ерке арулар. Бірінен-бірі өтеді. Күлкісі де, жүрісі де өзгеше. Көшеде немесе университет қабырғасында кездесіп қалсаңыз, әлгі 47 қыздың қай-қайсысын да жамандыққа кимас едіңіздер! Тіпті бұлар клубта,

қонақүйде шетелдіктерге «шай», «кофе» болып жұмыс істейді десе де, сенбейсіздер! Өйткені, олар шынымен, жүзі бардың сұлуы.

Алматының жазғы аптабына күймеген, бірінен-бірі аумайтын екі сұлуың көркі басқалардан оқ бойы озық көрінді. Қасы қарлығаштай қанатындай қиылған Әсел мен Әсем бір анадан бірге туған егіздер. Қолаң қара шашы арқасына төгіліп, ішкі істер департаментінің залында арлы-берлі жүргенде сүрінбеген көз қалмаған шығар, сірә?

Шеткері тұрған домалақ сары қыз Жөния «Бұлардың ішінде саудасы жүріп тұрғандары — Әсел мен Әсем» — деп біздің ойды егіз қыздарға бұрды.

Олармен тез тіл табысамыз деп ойлағанбыз. Бірақ оңай болмады. Алматыда, жетімдер үйінде өскен қарақөздерді сөйлету біраз әурешілік туғызды. Бірақ сөз суырпқтап отырып, тілін таптық.

«Бес жасқа дейін әке-шешемізбен бақытты өмір сүрдік. Бір күні әкем жол апатынан қайтыс болды да, анамыз бізді жалғыз асырай алмады. Ағамыз Темір үшеуімізді бір күнде балалар үйіне өткізіп, өзі бір қырма сақалды кісімен бірге кетіп қалды. Содан қайтып анамызды көрген жоқпыз» — деп әңгімені егіздің үлкені Әсел бастады.

Әсел мен Әсем балалар үйінде 18 жасқа дейін болып, бытыр ғана жеке-жеке пәтер алып, бөлек шығыпты. Ағасы Темір төрт жыл бұрын үкіметтен берілген еншісін алып кеткен. Қазір үйленіп, балалы-шағалы болған көрінеді.

«Екеуіміз де бір оқу орнына оқуға түстік. Мамандығымыз әртүрлі. Мен дизайнер болсам деймін. Әселдің зангер болғысы келеді» — деп енді сөзге кіші қыз Әсем араласты. — Мына жолға қалай түсіндер? — дедім сұрақты тұрасынан қойып. — Қандай жол? — деп өзімді мазактап күлді сылқындар. Күлгенде бұрынғыдан да әдеміленіп кетеді екен!

— Түсініксіз сұрақ қоймаған сияқтымын? — деп егіз қыздардың бетіне мен де жымсыдым.

— Бұл жол дейтіндей, сіздің сұрап отырғаныңыз тозаққа аппаратын даңғыл емес шығар? Өз қалауымызбен бардық. Жасыпз ғой. Қызық көргіміз келеді. Шетелге шығып, ел көрсек дейміз — дейді үлкен қыз.

— Осы сіздер қызықсыздар. Біреудің жеке басының шаруасына бас қатырып қайтесіздер? Бұрын балалар үйінде

болдым. Жарайды, ол жердің өз заны, өз тәртібі болды. Оған бағыну керек. Ал қазір кәмілет жасқа толдық. Ешкімнің сөзі жүрмейді бізге! — деп бұл жолы кіші қыз шашын арқасына сілкіп тастап, маған құқық туралы лекция оқи бастады.

Егіз қызға арнаған әдемі сөзім далала қалды. «Бұларға ақыл айтқалы отырған сіз де қызықсыз» — дейді бізбен бірге рейдке шыққан департамент қызметкері.

ТАҒЫ «КӨБЕЛЕКТЕР»

Алматы қалалық ішкі істер департаментінен шыққанда таң атып кеттігі. Көшеде көлік аз. «Түнгі Алматы ұйықтамайды деген рас екен. Таңғы Алматы әрең тынышталыпты» — дедім такси жүргізушісіне. «Түнгі қала қысқа ғой. Таң тез аталды» — деп ол менің ойымды түсінбегендей жауап қатты. Департаменттен менен бұрын шығып кеткен қырық жеті қыздың көше жағалап кетіп бара жатқанына қарап ойланып қалыппын. Жүргізуші жігіт «Түнгі көбелектер ғой. Таң атқанда қайда қонақтарын білмей, жығылып-сүрініп бара жатыр» — деп бағдаршамнан бірін-бірі қолтықтап, бірін-бірі жетелеп әрең өтіп жатқан қыздарға қарап күлді. Әлгі егіздер көгілдір көйлек киіп, топтың маңдай алдында кетіп барады. Жүрістері қандай тамаша еді, шіркін! Аққудай керіліп, кербез басалды! Ал Құралайдың екі иіні түсіп кетіпті. Бірнәрсеге өкінетіндей көрінеді.

Жарас КЕМЕЛЖАН
(Кейіпкерлердің аты-жөні өзгертілді)
Фото: patrul.kz

P.S.

Ағылшын қаламгері әрі киносценарисі Жеймс Клавелдің «Тай-пэн» және «Қайырымды үй» сияқты романдары бар. Онда ағылшындардың Гонконгқа үстемдік жүргізген кезең баяндалады. Ағылшын конестері Қытайдан уақытша әйел алып, онымен бірге тұрған. Оны «меймей» деп атаған. «Ми ми» қытай тілінде «қарындас» деген сөз. Біздің қарақөз аруларымыз да шетелдіктерге «меймей» болып кетпесе деген қауіп қылаң беріп тұр.



www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

ӘЛЕУМЕТ

Орайы келген әңгіме

— Кеңшілік мырза, қазіргі таңда жоғары оқу орындарындағы студенттерге діни білімнің берілу деңгейі қандай?

— Негізі, қазірде еліміздегі діни ахуал әрбір саналы азаматты алаңдатады. Осыған байланысты күнделікті қоғамдық қатынастарда діни ұстанымның ерекшелігі мен әртүрлі қыры жарыққа шығып жатыр. Дінді ұстанушының қатары молайған сайын қоғамдық ортада жағымды-жағымсыз пікір туындап, қарама-қайшылық, отбасылық өмірдегі кикілжің, діни түсініктегі алшақтық белең алууда. Егер әлем елдеріндегі осы діни ұстаным мен қарым-қатынасқа байланысты қайшылықты назарға алар болсақ, діни алауыздық пен бөлінушіліктің зардабы орасан болатынына көз жеткізуге болады. Шетелдерде жасалған зерттеу бойынша террорлық әрекет пен соларға жақын тұратындардың көпшілігі дінді жақсы білмейтін, тіпті діни міндетін орындамайтындар екендігін жазады. Ал оның алдын алу ретінде діни ағартушылық пен діни мекемелердің жұмысы дұрыс жолға қойылу керектігі айтылмаса да түсінікті. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін қазіргі күнде дінтанулық білім беру үшін көптеген шара жасалып жатыр. Алайда діндарлану мен діни сауаттылықты шатастыруға болмайды. Яғни жастарды дін жолында тәрбиелеп жіберсек, лаңкестік болмайды деп түсіну



Кеңшілік ТЫШҚАН:

ДІН МЕН РУХАНИЯТ ЕГІЗ

үлкен қателік. Бірақ теріс ағым, олардың ерекшелігі, алдау-арбау тәсілі, әлемдегі болып жатқан үлкен саяси ойындар, лаңкестік топтардың түпкі мақсаты туралы — азаматтарды, соның ішінде жастарды үнемі хабардар етіп отыру белгілі

ізденімпаздығы сияқты ерекшелігі оларды әртүрлі жағдайға жетелейді. Соның ішінде дін де бар. Дін — психологиялық құбылыс. Сенім — адамның жүрегінің түкпірінен орын алатын құндылық. Сондықтан жастардың осы құндылыққа

екінші жағынан, еліміз бойынша «дінтанушы» мамандарға деген сұраныс өте жоғары. Осы мәселені жолға қою қажет. — Жастарға діни тәлім бергенде, Қазақстан қандай елдердің бағдарламасын үлгі ретінде ұстанғаны дұрыс?



бір деңгейде, оларды теріс ағымдарға кіріп кетуінің алдын алуға көмектеседі. Дегенмен, бұл діни білім беруде маман тапшылығы, бар маманның дін мен зайырлылықты, дін мен қоғамды, дін мен тарихты, дін мен салт-дәстүрді үйлестіре отырып, түсіндіретіндей біліктілігінің жетіспеуі бұл салада әлі деп көп түйткілді шешу керектігін көрсетеді. Демек, жоғары оқу орындарында діни сауаттылықты арттыруға бағытталған курс жоқтың қасы. Бар болған күнде де сапасы қажетті деңгейде деуге келмейді.

— Өзінің көп жылдан бері осы салада жұмыс істегендіктен, жастардың діни сауаттылығына көңіліңіз тола ма? Не себептен жастар көбірек теріс ағымға ереді? — Қазіргі жастардың дінге деген қызығушылығы мен бетбұрысы өте жоғары деңгейде. Бірақ осы дінге бет бұру үрдісінде діни білімді қайдан және қалай алып жатыр? — деген сұрақ басы ашық күйінде тұр. Елімізде жалпы сауатсыздық деген түсінік жоқ. Себебі орта білім алу міндетті болып саналады. Дегенмен, діни-рухани қайшылықтың басты себебі ретінде діни сауатсыздықтың да зардабы аз емес. Осы діни сауатсыздықтың және бағдарсыздықтың кесірінен қаншама азаматтымыз зарлап шегіп, рухани-материалдық дағдарысқа ұшырап жатыр. Жастардың қызығушылығы, жаналыққа құштарлығы, тез бейімделгіштігі, рухани

ұмтылысы жолында кей жағдайда теріс ағымның уағызына еріп кетуі түсінікті жәйт. Оның үстіне теріс ағым өкілдері дәстүрлі бағытты ұстанушылардың өкіліне қарағанда, анағұрлым белсенді жұмыс жасайды. Сондықтан, еліміздегі теріс ағым өкілдерінің қатарын толықтырушылардың арасында жастардың үлесі басым екендігін ешкім жоққа шығара алмайды.

— Діни білімге байланысты болашақта қандай жұмыс атқарылуы керек деп ойлайсыз? — Осы орайда елімізде теріс пиғылды діни ағымдардың алдын алу, азаматтардың діни сауатын арттыру жолында бірқатар шара жасалууда. Мемлекет елдегі діни ахуалға бей-жай қарамау керектігін түсініп, дін істері агенттігін құрып, «діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» жаңа заң қабылданып жұмыс жасай бастады. Сонымен қатар 2008 жылдан бастап орта білім беретін мектептердің 9-сыныбына «Дінтану негіздері» пәні енгізілген еді. Осы пәнге қатысты және «дінтану негіздері» оқулығына байланысты әртүрлі пікір де көптеп айтылған болатын. Қазірде бұл мәселе өз өзектілігін жоймай отыр. Себебі зиянды діни ағымдардың басты нысанасы жастар болғандықтан, олардың дүниеге көзқарасын, ұстанымын қалыптастыру, болашақ қиыншылықтың алдын алу болып табылады. Осы тұрғыдан мынадай мәселеге назар аудару қажет деп санаймыз:

— Әлемнің көптеген мемлекетті пайдаланып отырған тәжірибегедей, дінді халықтық мәдениетпен ұштастыра отырып, оқыту қажет. Халқымыздан шыққан танымал ғалымдардың еңбегін қосымша құрал ретінде пайдалану тиімді. Егер діни ұстаным, мәдени құндылығымызбен астарлас оқытылмаса, ұлттық, мемлекеттік тұтастық мәселесіне келгенде жастардың жат көзқарасқа еріп кету қаупі туындайды. Қазірде еліміз жағдайын, дәстүрлі діни ұстанымды негізге ала отырып, сунниттік исламды ұстанатын елдердің көптеген тәжірибесін зерделеп отырады. Соның ішінде ең жақын келетіні бауырлас Түркиядағы діни тәжірибе мен бағдарламасынан пайдалану қажет. Алайда бір елдің дін бағдарламасын толықтай пайдалану немесе көшіріп алу дұрыс емес. Өйткені Біз бүгінгі күш-құят заман ұсынып отырған лаңкестік сынды кез келген қауіп-қатердің алдын алу үшін өзінің

— Әл Фараби атындағы ҚазҰУ филология және әлем тілдері факультетінің ұжымы шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасы менгерушісінің орынбасары, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, ұлағатты ұстаз

Сұхбаттасқан Айбарша ЖАҚСЫЛЫҚ

Біздің сұхбат

Еліміздің бейбіт өмір сүруі, жауапкершіліктен жалтармай, сапқа түскен сарбаздың ел үшін қырағы қызмет етуінің арқасында. Көмелетке толған әрбір азамат әскери борышын өтеп, Отан алдындағы парызын орындауға міндетті. Отбасында патриоттық тәрбиені сіңіріп өскен бала, ер жеткенде сарбаз сапынан табылуға тырысады. Осы орайда Ұлттық ұлан гвардиясында қызмет еткісі келетіндер көп. Тіпті жастар түгел дерлік осы элиталық әскери нысанға түскісі келеді-ақ. Бірақ Ұлан әскерінің қатарына қабылдау талобы қатаң. Бұл жерде мерзімдік қызметтегі жауынгер ғана емес, келісімшарт негізінде келген әскери де қызмет етеді. Жуырда Ұлттық ұланының «Оңтүстік» қолбасшылығының қолбасшысы генерал-майор Қайрат Ақтановпен жүздесіп, оңтүстік астанамыздағы құқықтық тәртіп әскерінің даңқты жауынгерлік жолы, өткені мен бүгіні жайлы сұхбаттасқан болатынбыз.

Жас қазақ: 2014 жылы еліміздің ішкі әскері Ұлттық ұлан ретінде қайта құрылды. Бұл өзгеріс не береді, қандай жаңа міндетті жүктейді?

Қайрат Ақтанов: Иә, өздеріңізге белгілі, 2014 жылдың 21 сәуірінде Қазақстан Президентінің Жарлығымен Ішкі әскер Ұлттық ұлан болып құрылды. Жалпы алғанда, бұл әр ведомствоны заман талабына сай жасақтау, жетілдіру үшін жасалатын қалыпты реформалық қадамның бірі болып табылады. Өйткені, өмір бір орында тұрмайды. Өсу, өрлеу, өркендеу бар. Негізі, бүгінде қауіп-қатердің аясы да тым өрістеп, кеңіп кетті. Ланкестік, экстремизм мен сепаратизм сынды қауіп-қатермен жаһан болып бірігіп күресуіміз қажет. Әрі бұл күресте жеңіп шығу үшін тек ұтқырлық, шеберлік, кәсіби біліктілік қажет. Осыған орай мемлекетіміздің тыныштығы, азаматтарымыздың қауіпсіздігі қамтамасыз ету жолында орасан қызмет етіп жүрген күш-қуат мекемелерінің әлеуетін арттыру, оларды жаңадан жасақтап қарау қалыпты және қажетті жағдай деп білемін. Сонымен қатар «Ұлттық ұлан» деген атаулы құрылым әлемдік тәжірибеде, көптеген шетелде де бар. Мәселен, АҚШ, Ватикан, ТМД Тәжікстанда. Осы негізді есепке ала отырып, ішкі әскердің заңды ізбасары ретінде Ұлттық ұлан дүниеге келді. Нәтижесінде ведомствоға жүктелген міндеттеменің аясы да кеңейді. Алдағы уақытта еліміздің құқық қорғау біртұтас жүйесіне кіретін ішкі әскер құрамы мемлекеттегі құқықтық тәртіпті күзететін, стратегиялық маңызды нысандарды қорғайтын әскер күші ретінде қолданып келсе, соңғы өзгеріске сәйкес төтенше жағдайлар уақытында да құтқару шарасын тікелей жүзеге асыратын құрылымға айналды. Сондай-ақ жаңа талаптың аясында Ұлттық ұлан жауынгері қажетті уақытта мемлекеттік шекараны күзету ісіне де көмектесетін болды.

Мұнан өзге атап айтарлығы, Ұлттық ұланның сапында арнайы жасақталған бітімгерлік әскери бөлімше бар. Бұл бөлімше ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің жедел әрекет етуші күшінің құрамына кіреді. Егер «Қазақстан Республикасы ІІМ Ішкі әскерлері туралы» заңға сәйкес, біздің құрылымдық бөлімшелер тек елімізде ғана жауынгерлік қызметті атқаруға міндеттелсе, Ұлттық ұланға келгенде, бұл жағдай мүлдем өзгерді. Жоғарыда атап кеткен бөлімше Қазақстан тарапынан халықаралық бітімгерлік міндеттемені атқаруға атсалысатын болады.

Жалпы алғанда, 2013 жылы әскерді басқару тетігі жаңа заманауи жүйеге көшіріліп, бұрынғы бригадалық қалыптан еліміздің төрт өңірінде басқарылатын өңірлік қолбасшылық жүйесі негізінде құрылды. Бүгінгі таңда олар — «Орталық», «Оңтүстік», «Батыс» және «Шығыс» өңірлік қолбасшылықтары.

Мінеки, осыдан-ақ ұландықтарға артылған сенімнің айрықша зор екенін білеміз. Ұлттық ұлан жеке құрамы ел сенімін абыроймен ақтай бермек.

Жас қазақ: Тәуелсіздіктің негізгі тірегі — еліміздегі тұрақтылық. Тек мемлекет қауіпсіздігінің бекемдігі ғана еліміздің өркендеуіне, халқымыздың бақытты болашағына бірден-бір жол ашайды. Біз бүгінгі күш-құят заман ұсынып отырған лаңкестік сынды кез келген қауіп-қатердің алдын алу үшін өзінің



жоғарыда атап өткендей, халықаралық деңгейде қамдануды әрі жеке құрамның ұдайы кәсіби біліктілігі мен жауынгерлік даярлығын арттыру қажет екені анық. Жалпы, осы ретте өз ойыңызды білдірсеніз.

Еліміздің бейбіт өмір сүруі, жауапкершіліктен жалтармай, сапқа түскен сарбаздың ел үшін қырағы қызмет етуінің арқасында. Көмелетке толған әрбір азамат әскери борышын өтеп, Отан алдындағы парызын орындауға міндетті. Отбасында патриоттық тәрбиені сіңіріп өскен бала, ер жеткенде сарбаз сапынан табылуға тырысады. Осы орайда Ұлттық ұлан гвардиясында қызмет еткісі келетіндер көп. Тіпті жастар түгел дерлік осы элиталық әскери нысанға түскісі келеді-ақ. Бірақ Ұлан әскерінің қатарына қабылдау талобы қатаң. Бұл жерде мерзімдік қызметтегі жауынгер ғана емес, келісімшарт негізінде келген әскери де қызмет етеді. Жуырда Ұлттық ұланының «Оңтүстік» қолбасшылығының қолбасшысы генерал-майор Қайрат Ақтановпен жүздесіп, оңтүстік астанамыздағы құқықтық тәртіп әскерінің даңқты жауынгерлік жолы, өткені мен бүгіні жайлы сұхбаттасқан болатынбыз.



ӘСКЕР ТӘРБИЕ МЕКТЕБІ

Қайрат Ақтанов: Қазіргі заманғы барлық қауіп-қатердің адамзат баласына ортақ екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Ол бір адамның немесе бір мемлекеттің ғана басына төніп тұрмағанын әлем жұртшылығы мойындады. Мұндай мәселені қашанда тынымсыз ізденіс, күш біріктіру, ақыл-ой, бір мәмілеге келу секілді адамның парасаты ғана шеше алары сөзсіз. Елбасы Н.Назарбаев бұл жөнінде «Біздің заманымыздың ерекшелігі терроризмге қарсы белсенді күрес болып отыр. Әлемде ланкестің айуандық әрекетінен қорғалған, сірә, бірде-бір мемлекет жоқ. Онда ешбір күнәсіз бейбіт азамат қаза табады. Терроризмге қарсы күресте біз үшін өңірлік және халықаралық күш-жігерлерді шоғырландыру аса маңызды», — деп бүкіл адамзат қоғамына қатер төндіріп отырған бүгінгі күннің өткір мәселесін барлық бейбітшілік сүйгіш елдермен бірлесіп шешуі қажеттігін алға тартқан еді. Осы жағынан келгенде, еліміз Орталық Азия өңіріндегі мемлекеттермен ынтымақтастықты арттырып, оның ішінде Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясында өзекті мәселелерге теренірек мән беріп келеді. Жалпы алғанда, бүгінгі күні мемлекет тарапынан әскерімізді материалдық-техникалық қамтамасыздандыруға баса назар аударуда. 2013 жылы Ішкі әскерді 2017 жылдарға дейін дамыту мен жетілдірудің арнайы бағдарламасы қабылданды. Бүгінгі таңда бұл құжаттың аясында қабылданған шаралардың арқасында, еліміздің түпкір-түпкіріндегі барлық әскери бөліміміз бен құрылымымыз жаңа техникамен, соңғы үлгідегі қару-жарақ, қорғаныс құралымен жарақтандырылуда.

Жас қазақ: Ұлттық ұлан әскері болу үшін жауынгерге не қажет?

Қайрат Ақтанов: Алмас қылыш асынып, бес қаруы сай болғанмен, ердің бойында ұлттық рух, жаужүрек айбынды жүрек болмаса, әрине, ол нағыз ел қорғау азамат емес. Оны да айтып өткен біздің тарлан текті бабаларымыз. Елдікті қорғаушы әскердің рухы қашанда сергек әрі биік болуы тиіс. Бұл мәселеге Ұлттық ұланда өте мұқият мән беріледі.

алуы, орден-медалға ұсынылуы жылдар бойы жүргізілген әскери тәрбиенің жемісі деп білгеніміз жөн. Мәселен, өзі жараланып, ажал аузында тұрса да, Маңғыстау облысындағы қам ауы орындарынан аса қауіпті қылмыскерлердің қашып кетпеуіне жол бермеген Ұлттық ұланның жүрегі түкті жауынгері Ербол Отарбаевтың ерлігін бүгінде дүйім ел біледі. Ербол 2016 жылы Ұлттық ұлан әскери институтын бітіріп, лейтенант шенін алды. Оның бұл жанкешті ерлігі жаңа қазақстандық патриотизм тәрбиесінің өзегіне айналып та үлгеріп, оған қарап қаншама өскелең жастарымыз бой түзеп өсіп келеді. Ал осыдан екі жыл бұрын өзі бірнеше мәрте ауыр жараланса да, қауіпті қылмыскердің сытылып кетуіне жол бермей, жанындағы қаруластарын ажал оғынан құтқарып қалған әскери

қызметшіміз лейтенант Жандос Баянбаевтың ерлігі де Отанды сүюдің жарқын үлгісі. Сондай-ақ бұл тарих толқынында қанша жаумен алысса да ар мен намысын тапталмай, ел қорғауды ұлы мұрат етіп қоя білетін ата-бабаларымыздың жауынгерлік ерлік дәстүрлерінің лайықты жалғасы да. Айбынымызды асырған азаматтардың ерлігі үшін Елбасының қолынан ІІІ дәрежелі «Айбын» орденін алуы әскеріміз үшін зор мақтаныш.

Жас қазақ: Жалпы Ұлттық ұлан әскерінің басқа да ерлігі туралы айтып берсеңіз.

Қайрат Ақтанов: Ұлттық ұланның жауынгерлік тарихы тағылымды ерлік дәстүріне толы. Өткен күнді ой елегінен



өткізсек, Ішкі әскер жауынгерлерінің 1995 жылы 7 сәуірде тәжік-ауған шекарасында көрсеткен ерлігі ұрпаққа ұран, елге мұра. Сол бір қантөгісті қысылтаын тұста бауырлас тәжік елінің топшырағында бітімгерлік миссияға сай әскери міндеттемелерді атқарып жүрген жауынгерлеріміз мұздай қаруланған моджахедтердің шабуылына тап болған болатын. Бабаларымыздың батырлық рухынан қуат алған қаһарман ұландарымыз сол тұста да қатпнас ерлік үлгісін көрсетті. Сол ұрыста ер атына дақ түсірмей қаза болған 17 ұланымыздың есімі біздің мәңгілік жүрегімізде. Есіл ерді елі ұмытпайды, ұланын ұлықтайды. Олардың барлығы да Елбасының арнайы Жарлығымен мемлекеттік наградамиен марапатталып, есімдері тәуелсіздік жылнамасына алтын әріптермен жазылып қалды.

Батырларымыздың жарқын бейнесін мәңгілік есте қалдыру, ерлік істі өнегеге айналдыру, қазақстандық патриотизмді жастарымыздың бойына сіңіру мақсатында Елордамыздағы Отан қорғаушылар алаңына тәжік-ауған шекарасында қаза тапқан 17 жауынгерге арнап ерлік аллеясы ашылып, мемориалдық такта қойылды. Осы орайда «Митрафильм» киностудиясының қолдауымен «Қазбат» деректі фильмінің түсірілгендігін атап өтуге болады. Ал үстіміздегі жылы көктемде батыр ұландарымызға арналған ескерткіш Шымкентте де бой көтерді.

Жас қазақ: Әнгіменізге рахмет!

Сұхбаттасқан Руслан ДОСТАЕВ

Әл Фараби атындағы ҚазҰУ филология және әлем тілдері факультетінің ұжымы шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасы менгерушісінің орынбасары, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, ұлағатты ұстаз

Мағұлсім Әбділдақызы ЖАҢАБЕКОВАНЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туған туыстарына қайғырып, көңіл айтады.

Тұлға

Ол кезде Шерағаң сексен жасқа келген, бұл мерейтойын оның туған жеріне, сіңірген еңбектеріне орай бүкіл еліміз атап өткелі жатқан уақыт болатын... Соның дайындығымен жүргенде бір күні Шерағаның үйіндегі телефоннан мүлде бөтен дауыс, тосын әңгіме естілді. Тұтқаны ұстап тұрған мен бірден елп ете қалып, әлгі кісінің күтіп тұрған жеріне жетуге асықтым...

Артынша бұл оқиғаны барынша шынайы айтуға тырысып, осы әссені бірден жазып тастаған едім. Енді арала біраз уақыт өткен соң байқап отырсам, сыныптап, ескі достардың көп жылдардан кейінгі сол алғашқы кездесуі өзінің әсер-манызын әлі де жоя қоймағанын түсіндім...

ШИРЕК ҒАСЫРДАН
КЕЙІНГІ КЕЗДЕСУ

Бұл бір кездейсоқ оқиға болды. Өмірдің сан түрлі соқтықпалы, соқпақты сындарынан өткен кешегі сыныптастардың, бүгінгі сексеннің сентіріне шығып отырған қадірлі, сырбаз ақсақалдардың саналы, сырға бай сыр-дүкендерінің ортасында боламын деп ойлаппын ба? Рас, шындығы солай — журналистер мені Шерағанның әдеби хатшысы деп атайды. Алыс-жақындағы жазғыш ағайындар айбарлы, айбатты ағамызға келгенде алдымен маған жолығады. Шерағанның өзі де осылай атап, атқосшысындай қасына ертіп алады. Оған мен қуана қосылып, қолдан келген көмегімді жан-тәніммен атқарып кетемін...

Сонымен... Шерағанның Тараздағы билік басшылары сыйлаған кең, келбетті үйіндегі мол дастархан басында сыныптастар отыр.

— Мына кісілер бар, кешегі Қаратай Тұрысов ортамызда — бәріміз Жамбылдағы жағалық қазақ орта мектебінің интернатында жаттып, бір сыныпта оқыдық. 1950 жылы мектепті тауыстық. Кейін осы төртеуіміз сол кездегі Одақтың басты-басты қалалары Мәскеу мен Ленинградтың оқу орындарында оқып, тағы бірге жүрдік. Қаратай екеуіміз, беріде Парламенттің партбасында тағы ұзақ жылдар бойы қатар отырдық. Ал мыналардың жолы бөлек-бөлек болып кетті, — деп Шераға сөз бастады.

— Иә, солай, — деді Жамалбек аға, — мен қызмет жағдайымен еліміздің түрлі қалаларында жүрдім. Мемлекеттік қауіпсіздік қызметінің (КГБ) сарбазы қайда бармайды? Шәкеңмен бұдан отыз жыл бұрын, ал Әбекенмен жиырма бес жыл бұрын жолықтым. Бірақ сырласып, ұзақ отыра алмадық. Бәріміз де ат үстіндегі адамдар едік. Әйтеуір, сырттай хабар алысып, амандығымызды тілеп жаттық.

Жамалбек Рахматуллаевтың қызмет ізі сан жерлерде киыр-шиыр болып келіп, ақыры Ақтау қаласында мәресіне жетті. Ұзақ жылғы еңбектен соң осы қаладағы қауіпсіздік қызметінен зейнетке шықты. (Жамалбек аға сөзіне, сертіне берік кісі. Кеңестер дәуірінің қатаң тәртібі мен мемлекеттік қауіпсіздік жүйесіндегі құпия қызметі оның әбден өтініп, сүйегіне жеткен. Жасы сексенге келсе де, өмірдерегінен, әсіресе ұзақ жылғы қызметінен тіс жарып, еш сыр бермейді. Біздің журналистік дағдымен білгіміз келіп берген сауалдарымыз да сол күйі жауапсыз қалды. Сол себепті ол кісінің өмір жолына қанша үңілгенімізбен, түк те тындыра алмадық. Д. А.) Сол жерге орнығып, тамырын жайып кеткен-ді. Сөйтіп, сонда тұрақтап қалды. Ұлын ұңға, қызын қияға қондырды. Немерелері, шөберелері бар, үбірлі-шүбірлі үлкен әулеттің отағасы атанды. Айымқұл апай ақарлы-шақарлы бала-шағаның ортасындағы бақытты отанасы



бүгінде. Енді скеуі қол ұстасып, кіндік кескен, өскен жұртқа келіп отыр.

— Быыл бәріміз де сексен жасқа шықтық. Бір жылдың төліміз. Елді ашаршылық жайлаған ащы жыл еді ол. Оның қыр-сырын Шәкең түп-тұянына дейін баянда берді ғой. Сол кезден аман қалғандар аз едік. Міне, енді мына күнге де жетіп отырмыз. Жаратқанға тәуба, шүкір дейміз, — дейді Жамалбек аға өткенді еске алып.

Өзі Ақтаудан бір сөмке жана шыққан кітабын көтере келіпті. Отырғандарға соны таратты. Бастан кешкен не қилы оқиғалар, тар кезең, бірақ тату шақтың сырлары, күрделі қызметтің қым-қуыт құпия қырлары баяндалған құнды, маңызды кітап екені бір көргеннен байқалып тұр.

— Негізінде, осы үшеуіміз де мектеп бітіргеніне журналист боламыз деп жүрдік. Оған бәріміздің де бейіміміз бар еді. Бірақ Шәкең ғана сол бала арманның бұйдасынан мықтап ұстап, табандап қалды. Ал Әбекен екеуіміздің әрбірімізді әр жаққа өмірдің өзі қақпақыдап әкетті. Мүмкін, ол жай бізге сол қиын шақта ұстазымыз болып, дәріс берген Мұқаметжан Қаратаевтан жүққан болар. Репрессияға ұшырап, «халық жауы» есебінде айдалып келген сол аға біздің көзімізді ашып еді. Кейін ақталғанда атақты академик атанған ағамызды әсте ұымта алмағыз ба? Ал енді ұымтасам, мына Әбекеннің де төрт-бес кітабы шықты. Салып жібергендерінің бәрін оқып жүрдім. Ал Шәкеннің орны, тіпті бөлек қой, — деп қояды туған жер, өскен елінің әлдебір құдіреті көңіліне желік бергендік желіпнген жайсан аға.

Сыныптастары қайта-қайта Әбеке деп отырған — Әбдуәлі Данаев негізінен көп сөйлемейтін, бір тоға кісі екен. Бөкене бойлы, қағылез адам қағаздай жеп-жеңіл ме, қалай, қимылы ширақ, әлгінде көлігін де өзі жүргізіп келді. Үстінде теміржол қызметкерінің формасы, жап-жана. Әңгіме кітап жайлы болғанда Әбекен шыдамады, сөзге арадасты.

— Мен газеттерде қызмет істемесем де, әлі күнге бір мамандығым — журналист деп білемін. Сыныпта мені бәрі «бөкене журналист» деп атайтын. Өйткені, бірге оқығандардың ішіндегі ең бойы аласасы мен едім, әрі мектепте оқып жүрген кездің өзінде газеттерге мақалаларым жарияланып тұрды, — деп қойды Әбекен. — Осы таяуда бір мақалаңды оқыдым. Бердіқожа батыр жөнінде терең зерттеп жазыпсың, — деді Шерағаң.



ӘҢГІМЕ АРАСЫНДАҒЫ КІРІСПЕ

Сыныптастар бас қосқан осы отырыстың ертесіне мен Әбекенмен арнайы жолығып, әңгімелестім. Сол жөнінде айтудың да орайы келіп тұр.

Мектепті күміс медальмен бітірген Әбдуәлі Данаев Ленинград қаласындағы теміржол инженерлерін дайындайтын институтқа түсіп, оны 1956 жылы бітіріп шығады.

Жолдаманы туған еліне алған ол Ақшолоқ стансасында еңбек жолын станса кезекшісі болып бастады. Көп ұзамай Луговой стансасы бастығының орынбасары, 1961–1965 жылдары туған жері Талас стансасының бастығы болып еңбек етті. Қазақстан Теміржолы республикалық басқармасында қызмет бастығының орынбасары болып жүрген жерінде

Жанатас — Қаратау өндірістік ошақтары ашылып, тәжірибелі инженер ретінде сонда жіберіліп, Жанатас стансасының бастығы, Қаратау өндірістік бірлестігі, теміржол цехының бастығы болып істеді. Одан соң Қазақ теміржолының Жамбыл бөлімшесінде бірқатар басшылық қызметтер атқарып, 1992 жылы зейнеткерлікке шықты.

Өз саласындағы қазақтың жас инженерлерінің қызмет бабында тек орыс тілін қолданатындықтан, орыстанып бара жатқанына жаны күйіп жүретін Әбекен еліміз егемендігін жариялаған алғашқы жылдардан бастап қазақ тілінің жанашыры ретінде оның мәртебесін көтеруге үлес қосып келеді. Головачевка, Ильич ауылдарының Айша бибі, Ақбұлым аталуына,

Талас стансасындағы Шоссейная көшесінің Барысхан болып өзгертілуіне белсене атсалысқан ол бұқаралық ақпарат құралдары арқылы да тіл проблемасын көтеруген келеді.

Ол кейбіреулер сияқты айтып, жазып қана қоймай, нақты ісімен де ерекшеленіп жүр. 1994 жылдан бастап Жамбыл теміржол бөлімшесіндегі «Қазақ тілі» қоғамына басшылық жасаған Әбдуәлі Данаев теміржол саласына арнап мемлекеттік тілде бірнеше оқулық кітап жазып, кәсіби терминдердің арнаулы сөздіктерін де жасап шықты.

Әбдуәлі аға бізбен әңгімелесіп отырып:

— Техникалық жаңалықтар қай елде шыкса, сол елдің ұлттық тіліндегі термин арқылы әлемге таралатыны белгілі. Теміржол терминдерінің ағылшын, неміс, француз тілдерінде көп кездесетіні, сол елдер осы саланың көшбасшысы болған. Мәселен, ағылшынның «рельс» сөзі «түзу таяқ» деген мағына берсе, немістің «ваген» сөзі «арба» деген ұғымды береді. Бізге теміржол Ресей арқылы келгендіктен де жоғарыдағы тілдермен қатар біздің теміржол саласындағы терминдерімізде орыс сөздері де көп кездеседі. Кеңестік дәуірде жалпыға түсінікті болсын, жол апаты, тағы басқа келенсіздік орын алмауы үшін деген сылтаумен теміржол саласында тек орыс тілі қолданып келгендіктен, мұнда қазақ тілі бас сұға алмай қалған. Ал орыс тілінде қызмет еткендіктен, бұл саланың қазақ мамандары ана тіліне шорқақ, орысшаға жүйрік болды.

Әбдуәлі Данаевтың қазақ теміржолшылары мен осы салаға қатысты мамандық иелерінің пайдалануына, болашақ теміржолшылардың мамандығын ана тілінде меңгеріп, үйреніп шығуына арнап қазақшалап жазған оқулық кітаптары «Теміржол стансалары, тораптары, бекеттері», «Теміржол тасымалдары және коммерциялық жұмыстар», «Теміржол сүреулері», «Теміржол көлігін таңу» және қолжазба күйіндегісі «Теміржолдың анықтамалық сөздігі» деп аталады. Бұл оқулықтардың қай-қайсысы болсын жатық қазақы тілде жазылған, терминдер де негізінен орысша баламаларын дәл береді. Әбекеннің өзі жоғарыдағы оқулық атауларын, термин сөздерді қазақшалағандағы сүйенген дәйектері туралы былай дейді:

— «Железнодорожный путь» дегенді «теміржол жолы» деп аудармай «теміржол сүреулері» деп алғаным — көптеген кітаптарда, сөздіктерде жолдың бір баламасы сүрлеу екенін көрдім әрі қазақтың біз бала кезден біліп, қолданып жүрген «сүрлеу» таптаурын болып әбден жүргізілген ұзын жолдың мағынасын беретіні де белгілі. Теміржол да сол сияқты, бір сүреуді таптауырын етіп, үздіксіз жүргізіп жатқан жол ғой. Теміржол терминінің бірі — «противоугол» деген сөз бұрын сөздіктерде «рельсті қуып кетуге қарсы қойылатын аспап» деп аударылыпты. Мен оны «рельс құйысқаны» деп аудардым. Өйткені, жаңағы «противоугол» деген зат рельске бекітіліп, оның саумалап алға жылжуын тежеп тұруға арналған аспап. Поездар үздіксіз бір бағыттан алға қарай жүретіндіктен, рельстің алға жылжуы орын алады, соны болдырмау үшін осы аспап орнатылған. Енді қараңыз, мен осы аспапты «құйысқан» деп аударғанда

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

неге сүйендім? Өзіңіз білесіз, құйысқан ат үстіндегі ер-тоқымның алға жылжып кетпеуі үшін таратылатын нәрсе. Яғни құйысқанның қызметі ердің алға жылжуын болдырмау болса, әлгі «противоугол» деген аспаптың атқаратын қызметі рельстің алға жылжуын болдырмау. Ендеше оны «рельстің құйысқаны» десек несі қате.

Сексеннің сентіріне шыкса да, Әбекен әлі аттан түскен жоқ. Қазір Тараз теміржол көлігі колледжіне арнайы пәндері бойынша сабақ береді. «Доцент» деген академиялық атағы бар.

Өзі айтқандай, қайда жүрсе де қаламы қолынан түскен емес. Проблемалық мақалаларынан бөлек, 1984 жылы «Күнмай» деген әңгімелер жинағы, 1993 жылы «Інқар шақ» повесті жеке кітап болып шықты. Аймағымыздан шыққан қоғам қайраткері Сыдық Абланов туралы «Сыдық Абланов және оның қарындасы», Шанышқылы. Тайпаның ақтандық жақтары» шежіре

ойында бар, бірақ күші жетпейді, қаржы жоқ. Елбасының көңілін алуға да дәрмен аз, бүкіл ел тоқыраудың тұйығында тұр. Осы тұйықты июге шамасы бір келсе, ол тек Шерағанның қолынан келеді. Өзбектің газына өңешін созылап, әбден өлермен күйге жеткен облысты бірі бұрын басқарып, екіншісі осы тұтқаны қазір ұстап тұрған екі елімішлі азаматтың іздегені де сол еді. Содан өздері бар, әсіресе, Шерағаның қайта-қайта қайрағандай, қайраткерлігін, қанжар тілін қарсы дауды қал тілуге әдемі, әдейі иіп келтірді. «Киелі сөз жүйесін таппай ма?» Тапты. «Ақ түйенің қарны жарылған» күн туды. Аз жылда ауыл-аймақ өз жері, өлең төсегінің қызығын көрді. Әр түтін, сорайған мұржадан өз газының иісі шықты.

Сыныптастар кездесудің алғашқы күні өздері оқыған мектепке барды. «Жамбыл атындағы қасқа орта мектебі» деген жазу көзге ыстық көрінді. Көңілді босатты.



Сыныптастар: Жамалбек Рахметтуллаев, Әбдуәлі Данаев және Шерхан Мұртаза.

танымдық кітаптары да баспадан шықты. Сонымен қатар Әбекеннің өзі де кітап кейіпкері. Кітап болғанда да анау-мынау емес, республиканың Мемлекеттік сыйлығын иеленген Шерхан Мұртазаның әйгілі «Қара маржан» романына өзінің өмірдегі Данаев деген атауымен кірген басты кейіпкер осы Әбекен — Әбдуәлі аға...

КЕЗДЕСУДІҢ КЕМЕЛДІ ШАҒЫ

— Ішіміздегі ең тапалымыз Әбекен бізден бұрын ит жейдесін тоздырған, алдымен 80 жасқа толып отыр. Енді Шәкеннің тойы келеді. Бұл Жаратқанның шеберін айтсаңшы, Шәкеннің туған күні 28 күркүйек ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің де туған күні екен. Олардың артын алып тап осы күні қазақ сөзінің тағы бір тарланы Оралхан Бөкей өмірге келіпті. Бұл кездейсоқтық па, әлдебір, күдік реттің күші ме? Кайтсе де, бұл күнді биыл бүкіл халқымыз тойлайды — деп Жамалбек аға бір тосын әңгіме айтты.

Құрдасы біліп айттып отыр, Шерағанның мерей жасы-жалпы халықтың тойы. Ол қазір басталып та кетті.

Шерағаң жөнінде бұрын да, алда тағы да талай-талай дуалы ауыздылардан небір сөз маржандары төгіледі. Және қалай айтылса да, тура, дұрыс екенін ел ұғады. Өйткені, нысана оған әбден лайықты. Жанкешті жазушылығын, қоғамға қомақты үлес қосқанын қоя тұрып, қарымды қайраткерлігінен ғана бір үзік сыр ашып көрінізші!

Қазіргі «Амангелді» газ кеніші тұрған орын бұрын көп жылдардан бері тұсырап, тың жатқан жер еді. Оның ұлан-асыр байлығын ел игілігіне беруге ешкімнің көңілі дауаламаған. Осы Толағайдай алпауытқа алдымен ауыз салған Шерағаң болды. Парламенттің жоғары мінбесінен бүкіл елге, елін сүйген Елбасыға жеріне жеткізе, түбін түсіре түсіндіріп берді. Иландырды, игеруді, игілікке асыруды талап етті.

Сол-ақ екен, Сенатта отырған Өмірбек Байгелді де, облысты басқарып тұрған Серік Ұмбетов те Шерағаңды бас салды. Өздерінің

— Мектеп әлі де Жәкемнің атында екен ғой, — деді Жамалбек аға. Оған қарап: — Әй, ол неге өзгеруі тиіс, — деп Шерағаң оқыс шаңқ ете түсті.

Жанындағылар сасып қалды. — Ата, сіздер немерелеріңіздің сыныптарын іздеп жүрісіздер ме, — деп кезекші мұғалима алдарынан шықты.

— Біздің немерелеріміз жоғары сыныптарда оқиды. Бірақ біз өзіміз оқыған сыныпты іздеп жүрміз, — деп Әбекен жауап қатты. Жиналып тұрған мұғалімдер бәйек болды, оқушылар ан-тан күйде қарап тұр. «Мына үш шалдың естери сау ма?» деген сұрақ бар көздерінде.

Әріне, баяғы мектеп үйі өзгерген, жанадан салынған. 70 жыл бұрын өздері оқыған оқу орны да бұл жерде емес еді. Ендігі ол тоқал тамнан із де қалмаған шығар. Жана мектеп үйі бір әсем ғимарат екен, іші-сырты жайнап тұр.



Кездейсоқ, еш ескертусіз, тосыннан келген қонақтарды мектеп басшылығы қуана қарсы алды.

— Біздер қонақ емеспіз, оқушылармыз. Жылы ұымызға қайта келіп тұрмыз, — деді Шерағаң.

Кездесу өтті. Естеліктер айтылды. Өткен жылдар ойға түсті. Көңілдер сан құбылды, көздер мұнайды, күлімдеді. Ақыры, күліп, жадырап таркасты...

P.S:

Сол жүздесуден кейін сыныптастар жәні кездесіп тұрады. Көбінесе Жамалбек ағаның туған жеріне келе қалған сапарына орай бас қосады. Енді, міне, Шераға да бір сапарға шығуды ойласа бастады. «Ташуда Ақпауға барамыз. Жамалбекті іздеп. Сен алып жүресің. Әбдуәлі қазір қамданып жатыр. Сен де дайын бол», — дейді Шерағаң нықтап. Мен қуана қоштаймын...

Дүйсенбек АЙБЕКОВ,
Тараз қаласы

Туризм

«Барайын
сем, жер шалғай»
п жүргендердің
йінді мәселесі
ешіліп, 2015 жылы
да ашылды.

бөлінген. Туристердің талғамы мен тандауына, сұранысына сай жоғары деңгейлі осындай орталықтар салып, тәжірибелі мамандар



құрылысшылардың қолтанбасы көрініп тұр. Тендесі жоқ, сәулетімен алыстан көз тартатын пансионат 300 демалушыға арналған және 50 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Орталық басшысы бұдліріңдерді ойнатуға арналған арнайы зал мен күтушілер қызметін де қарастырған. Қонақуы бөлмелері эконом, стандарт, люкс болып бөлініп, деңгейіне қарай қаражат көлемі 11 мың мен 27 мың теңге аралығында өзгереді.

Сапарынын соңында облыс басшысы 900 млн тенге инвестицияға салынған AQUAMARINE resort заманауи демалыс орнын аралады. Ол «ЭКО-1» бағдарламасы бойынша бір көтерген бірегей зонаға көшені. Жылжыма 30 мың туристі қабылдауға қауқарлы орталықта демалушыларға барлық жағдай жасалған. 2 адамға арналған бөлме құны 26500-61500 тенге аралығын құрайды. Бір мезгілде бұл жерде 450 адамға қызмет көрсетіледі.

Жоғары сұранысқа ие аймақтар және демалыс орындарының ең көп шоғырланған жері – Ақши, Көктума ауылында болғандықтан, бұл елді мекендердің инфрақұрылымын жөнге келтіру мәселелері де оң шешімін тауып келеді. Осы мақсатта қос ауылдағы көріз жүйесінің құрылыс жұмыстарының жоабалық-сметалық құжатын дайындауға 21,6 млн теңге бөлінген. Ақшидегі демалыс аймақтарына апаратын 23 шақырым жолға күрделі жөндеу жұмысы жүргізілуде. Өткен жылы ауыз су құбыры жүйесінің тартылуына 343 млн теңге жұмсалып, бүгінгі таңда толықтай пайдалануға берілді. «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында Ақши ауылында 610,9 млн теңгеге электр тасымалдауға арналған 93,7 шақырымдық жана желі тартылды.

Міне, осы мәліметтерге сүйене отырып, өңірміздегі туризм саласының даму беталысы көңілге қонымды екенін аңғарамыз. Әлемнің ең керемет 100 көлінің құрамына енген табиғаттың таңғажайып туындысы Алакөлдің жағалауына келіп демалушылардың қарасы күннен-күнге артуда. Болашақта шипалы көлдің жағайы алыс-жақын ішетел азаматтары үздіксіз, үзбей келетін маңызды туристік аймаққа айналады деген сенімдіміз.

катар Райымбек ауылы тусында тағы бір, жоба бойынша төртінші жер үсті жолы карастырылатын болады. Екі кезеңінің де жобасын «АстанаСтройПроектСервис-М» ЖШС дайындауда. Тамыз айының соңына дейін «МемСараптама» мекемесінің оң қорытындысы шығады деп жоспарланған. Жобаны толық жүзге асырудың алдына ал есептеу бойынша күні 12 млрд теңгеге жуық деп жобаланып отыр. Биылғы жылға 800 млн



теңге бөлінген. Күрделі жөндеу жұмыстары 2019 жылы толығымен аяқталады деп күтілуде.

Жобаны іске асыру мақсатында мемлекет қажеттілігі үшін жер телімдерін алу жұмыстары жүргізілуде. Алуға жататын облыс аумағындағы 53 учаске болса, бүгінгі күнге соның 5-еуі мемлекеттік жер учаскесі, 30-ы алынған, 13-інде алу процесі жүргізіп жатыр, ал 5 жер учаскесінің иелерімен келіссөз жүргізілуде.

Облыс әкімінің орынбасары А. Байжанов күрделі жөндеу жұмыстары кезінде сол замандағы іргелі нысандардың жүйесіне кедергі келтірмеуді, уақытша жолдардың бағытын келісіп жасауды тапсырды. Бұл жоба өз кезегінде көлік кептелісін шешуге, жаю жүргізілгендігіне оң ықпалын тигізетін болады.

Науқан

Аудан әкімі алдымен Үлгілі ауылына баратын жолдың бойындағы жайқалған егінге ат басын тіреді. Мұнда «Империya Фyа» ЖШС-нің 200 гектар билайы пісіп-жетіліп, дәні төгілгелі тұр. Заманауи су жана төрт қомбайн астық орысқа кірісіп кеттігі. Бүнкерге толған дән сақалай-сай тұрған жүк көліктеріне қуылып, қырманға тасымалданады.

Аймак басшысын шаруашылыктын баскаруушы директоры Бағдат Алыбаев жұмыс барысымен таныстырды. Онын айтуынша, түсім жаман емес, әр гектардан орта есеппен 18 центнерден айналу үстінде. Аталған серіктестіктің Үлгілі серілік округ аумағында жүз гектарга жуық жері бар, онда күздік бидаймен қоса, арпа, жүгері, сафлор, екпе шөп

егілген. Үш мың
баска арналған
мал бордакылау
аланы бар
«Империя
Фуд» ЖШС
кажетті мал
азығын өзіне
тиесілі осындай
шабындық,
егістік жерінен
дайындайды.

Келесі
кезекте
Жандарбек
Далабаев
Үңгіртас
ауылының
маңында
жап-жасыл
болып жайкала
дала аруын күтіп
Жүгерінің бұл сө
ірі қараның аса ж
дайындалады.

Науқандық жұмыстың көрігін
қызырушылардың бір тобы Аксайнар
ауылының жанында бала төсін еңбек дүбіріне
бөледі. Арта «Төре» шаруа қожалығының
50 гектарлық аудан алқабы орналасқан.
Қожалық иесі Қамбар Үмбетов және оның
серіктесі Александр Першин жұмыстың
ұйымшылдығын өтіп жатқанын айтты.
Бір жеріне дән егіп, екіншісі қолда бар
техникасымен қарайласып дегендей, бірлесе
еңбек етіп жатқан жайы бар. Бірін-бірі
осылайша толықтырып, өзара келісіп атқарған
тірліктің екі жаққа да тиімді түсі көп болса

Аймақтың әлеуеті

Бағдарламаның мақсаты – халықты нәтижелі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және азаматтарды кәсіпкерлікке тарту болып табылады. Оның шеңберінде 2017 жылға Алакөл ауданы бюджеттен 151050 млн теңге қаражат бөлінді.

ла төсінде қазір қызу еңбек. Алматы облысының
малары егін ору қарбаласының бел ортасында
Көктем берген, жерден өнген өнімді төкпей-
пай жинап алудың қамындағы жұртшылық
қолайлы күнді тиімді пайдалануға тырысады.
ан барысымен танысу үшін егін алқабын аралаған
был ауданының әкімі Жандарбек Далабаев
ған топпен бірге ең даладағы еңбек дүбіріне куә
ық.

керек. Ауылдан аулақта қожалықтың тағы 200 гектар арпасы ораққа дайын екен.

Қаракыстақ ауылы тұсындағы 255 гектар алқаптағы жүгері «Табыс» шаруа қожалығына тиесілі. Жандарбек Еркемқұлын мұнда қожалық басшысы Талғат Естібеков шаруа жайымен таныстырды. Түбінен арық суы сылдырап ағып жатқан жүгерінің биылғы шығымы да жақсы. Осы төлімнен жыл сайын гектарына 455 центнерден өнім алып, сүрлем дайындалады

Кожалық ауыздан 600 басқа арналған тауарлы сүт кешенін ашып, осы жылы жұмысын бастаған болатын. Неміс технологиясымен салынып, израильдік аппаратпен жабдықталған кешенде сиыр сауу компьютермен басқарылады. Заманауи үлгіде бой көтерген өндіріс орнындағы асыл тұқымды сауын сиыр осы сүрлеммен



азықтандырылады. Сонымен қатар ұжым малға қажетті жонышқа, арпа сынды жем-шөп түрін де егеді. Ауыл шаруашылық техникаларының да түр-түрі осында. Аудандағы шаруашылықтың көбі осылай егін және мал шаруашылығының жұмысын қатар жүргізеді.

Ауыл шаруашылығы бөлімінің мәліметі бойынша, биыл ауданда 47 мың гектарға жуық алқаптан астық жиналады. Оның 19 мыңдайы күздік бидай болса, 28 мыңға жакын гектары арпа. Бүгінгі күнге егіннің тең жартысы орылды. Оракка 66 комбайн және өзге де техника түрі тартылды. Комбайндар өртке қарсы құралмен жабдықталып, шабыс кешеніне соқпалы трактор белгіленген. Астық сактайтын 17 койма дән қабылдауға толығымен дайын. Оның жалпы сыйымдылығы 78500 тоннаны құрайды.

Алматы облысында экономикамыздың күннен-күнге қарыштап дамып, өркендеуіне байланысты халықты жұмыспен қамту мақсатында 2011 жылдан бастап жүзеге асырылып келе жатқан «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасының Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы №919 қаулысымен күші жойылып, жыл басынан «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған» бағдарламасы жүзеге асырыла бастады.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ – ЖОСПАРЛЫ МІНДЕТ

Бағдарламаға қатысушыларды техникалық және кәсіптік біліммен және жөне қысқа мерзімді кәсіптік оқумен қамтамасыз ету бағыты бойынша 280 адамды оқыту жоспарланған болатын. Жыл басынан бері 190 адам қысқа мерзімді кәсіптік оқуға жіберілді, оның 160-ы оқуын аяқтап, 30-ы бүтінгі күнге дейін білім алуын жалғастыруда. Олар негізінен тракторист-машинист, электромонтер, газ электр дәнекерлеуші, ветеринар-санитар, малды қолдан ұрықтандырушы, автомобиль жөндеу слесарі, жиһаз құрастырушы, ЭВМ операторы, тігінші, сепеші, маникюрші,

аспазы,
токарь,
шаштараз
мамандықтары
бойынша
Алакөл
гуманитарлық-
техникалық
және Токжайлау
политехникалық
колледжінде
білім алуға

Жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағыты бойынша несие алуға үміткер несиелік тарихы таза 214 азамат тізімделген. Бүгінгі күнге бастапқы 70 үміткердің тізімі «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» акционерлік қоғамына жіберілді. Үміткер 25 азаматтың кепіл мүліктері бағаланушымен бағаланып, құжаты жарнакталуда. 17 адамның құжаты «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорында» тексерілуде. 2 азаматқа 4,9 млн теңгеге оң қорытынды шығарылды.

Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу

және еңбек ресурстарының ұтқырлығы арқылы еңбек нарығын дамыту бағыты бойынша 12 заңды тұлғамен келісімшарт жасалып, 43 адам ақпан айынан әлеуметтік жұмыс орнына жіберіліпті.

Жастар тәжірибесіне 50 жас маманды жіберу жоспарланып, 6 айда ауданның мекеме ұйымдары мен ауылдық округ әкімдіктеріне 29 жас маман тәжірибеден өтуге жіберілді. Қоғамдық жұмысқа 600 жұмыссыз азаматты тарту жоспарланып, 6 айда 378 азамат жіберілді. Оның ішінде 12 азамат тұрақты жұмысқа орналасты. Сонымен қатар аудан



кәсіпорындары, мекеме, ұйымдардағы бос жұмыс орындарына 195 жұмыс іздеуші азамат жұмысқа орналастырылды.

Халықты лайықты жұмыспен қамтып, біліктілігін арттырып, несие беріп, өз ісін ашуға ықпал ету үшін мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалуда.

Бетті дайындаған Қажет АНДАС
Алматы облысы

Өнім

Алматы облысы Қаратал ауданына қарасты Бастөбе ауылдық округі аумағында орналасқан «Нам» шаруа қожалығы қарбыз егеді. Аталған шаруашылықтың іргетасы 2010 жылы қаланып, содан бері ауыл шаруашылығы өнімдерін өсірумен айналысуда. Соның ішінде басты бағыт – көкөніс. Ол үшін арнайы жылыжай салып, қарбыздан бөлек, қызанақ пен қияр да өсіріпті.

Жылу

Ал ала жолақты тәтті дақылдың жөні бөлек. Былтыр 7 гектарға тұқым сеуіп, гектарына 440 центнер өнім жинады. Сөйтіп, жоспарда белгіленген гектарына 405 центнерлік межелі өнім көрсеткіші артығымен орындалды. Шаруа қожалығы басшысы Нам Валентинович биыл да егіннің шығымы айтарлықтай екенін, түсімнің өткен жылдағыдан артық болмаса, кем болмайтынын тілге тиек етті. Егінге ауа райының

Өнім

Казірде аумағы атшаптырым атызда жиын-терім науқаны қызу жүруде. Шаруашылық техникалық жабдыкпен толық қамтамасыз етілген. Түрлі наукандық кездегі қосымша жұмысшыларды айтағанда, тұрақты бес адамды жұмыспен қамтып отырған ұжымның қызметкерлеріне төлейтін еңбекақысы да көңілге қонымды. Мұндағы орташа айлық 60 мың теңгені құрап отыр.

Жылу

республика көлемінен тыс, көрші Ресей мемлекетінен де тапсырыс көптеп түскен. Егінжайдан жүк көлігіне тола шыққан қарбыздар теміржол бойында арнайы қойылған вагондарға тиеліп, түстіктегі көрші елдің калаларына тасымалдануда. Іссапар барысында жолсерік болып, аймақтың ауыл шаруашылығы саласында аткарып жатқан қызметі жайында мол мағлұмат берген аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Ғалым Увалиевтің айтуынша, «Нам» шаруа қожалығы жерді тиімді пайдалану жағынан көпке үлгі. Олай дейтініміз – казірде өз қарамағындағы суармалы 19 гектар жерді толығымен игеріп отыр. Қаратал ауданында биылдың алты айында ауыл шаруашылығы бойынша өндірілген өнім көрсеткіші 3484 млн

ҚАРБЫЗ ЕГЕТІН ҚОЖАЛЫҚ



қолайлылығы да өз септігін тигізуде. Себебі аталған өнім түрі көбінесе ыстықты қалайтындықтан, биыл өнім де ерте піскен.

Ел аузында «Үштөбенің қарбызы» деген атау қалғаны да рас. Аймақтық брендке айналғандай. Сондықтан ба, тәтті өнімге сұраныс та көп. Аудан, облыс,

теңгеден астам соманы құрап, 21547 гектар егістік көлемі толығымен игерілген. Оның ішінде бақша дақылдары 505 гектар аумаққа себілген.

Жұмыспен қамту – 2020

Түсіндіру жұмысы барысында облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы шағын несие мәселесі бойынша біраз түйткілдің түйіні шешілгенін жеткізді.

Мемлекет үнемі шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға, оның ішінде ұсақ шаруашылықтарды өркендетуге көңіл бөліп отыр. Мұның айқын көрінісі – бүгінде шағын несие алып шаруасын деңгелеткісі келген жанға өсімі 6 пайыздық деңгейде 6 миллион теңгеге дейінгі мөлшерде шағын несие берілмек. Бұл туралы Көксу ауданына мемлекет тарапынан берілетін демеуқаржы туралы түсіндірме жұмысын жүргізге келген облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Сексенбай Бекішов баян етті.

НЕСИЕ ТӘРТІБІ ЖЕҢІЛДЕМЕК

Мәселен, несие рәсімін атқару барысында бұрын кепілдікке саман үй жарамай келсе, ендігі уақытта мұндай мүлік түрі кепілге алынатын болды. Соның нәтижесінде жылжымайтын мүліктің бағаланған құнының 40 пайыздық мөлшері екінші деңгейлі банктер тарапынан несиеленуші тұлғаға берілмек. Жаңа жобаның тағы бір артықшылығы – аталмыш бағдарлама аясында ендігі уақытта кредит несие тарихына қарап емес, өтініш берушінің түрлі деңгейдегі

банктерде қарызының бар-жоқтығына орай берілетін болды.

айтылды.

Қанат қақты

«Өрлеу» пилоттық жобасы – отбасының әлеуметтік белсенділігін арттыру бағытында келісімшарт қасасу арқылы мемлекеттік шартты ақшалай көмек көрсету нысандары көзделген қанат қақты бастама.

Өрлеу

«Өрлеу» жобасы ай сайынғы төлем түрінде шартты ақшалай көмек көрсетумен қатар, жұмысқа орналасуға жәрдемдесуді және мамандық алуды, қосымша мамандық алу үшін қайта даярлықтан өтуді, сонымен қатар қажет болған жағдайда отбасының әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасауды көздейді. «Өрлеу» жобасына ең төменгі күнкөріс деңгейі 60 пайыздан төмен болатын отбасылар қатысуға құқылы. Жәрдемақы алу мерзімі – 6 ай. Осы мерзім ішінде отбасы әлеуметтік белсенділігін арттыру шартын орындаған жағдайда мұқтаждықтан арлуына мүмкіндік туады, тұрақты табыс келеді және еңбек нарығында өзін бекітеді.

Сөзіміздің дәлелді болуы үшін мысал келтірейік. «Өрлеу» жобасына қатысушы отбасыларының бірі – тұрмыстық жағдайы төмен Қарабұлақ ауылының тұрғыны, «Алтын алқа» иегері, көпбалалы ана Меруерт Намазимонова. «Өрлеу» пилоттық жобасының жұмысқа жарамды отбасы мүшелерін жұмысқа тарту міндетті шарты болғандықтан, Меруерт Маратқызы Ескелді ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығына жұмыссыз ретінде тіркеліп, ақылы қоғамдық жұмыстарға тартылды. Шартты ақшалай көмек мөлшерін жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жан басына шаққандағы орташа табысы мен ең төмен күнкөріс деңгейінің 60 пайызы арасындағы айырма түрінде

тұрмыстық жағдайы біршама жақсарды. Намазимоновтар отбасы аталмыш жобаны әзірлеп, жүзеге асырғаны үшін мемлекетке шексіз алғысын білдіруде. Ескелді аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Асхат Бейісбаевтың айтуынша, жобаға қатысуға ниет білдірушілер, алдымен, аудандық халықты жұмыспен қамту орталығына немесе ауылдық жерде тұратын болса, тұрғылықты жердегі ауыл әкіміне жолығуы керек. Содан кейін оған сұхбаттасуға уақыт белгіленеді. Одан соң жобаға қатысуға өтініш, отбасылық және материалдық-тұрмыстық жағдайы туралы сауалнаманы толтырып, қажетті құжаттарды өткізуі тиіс.

Өңір

Т-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Жылу

Талдықорған қаласына газ тарту жұмысы қарқынды жүріп жатыр. Мердігер компаниялар бұл жұмысты белгіленген уақытта бітіруге күш салуда. Бүгінде облысымызда 741 елді мекенде 2 миллион адам тіршілік етуде. Қазіргі жағдай бойынша 473 елді мекенге қоныстанған 1,5 млн адамды ғана газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік бар. Болжам бойынша осы елді мекендерді тұтастай газбен қамту үшін 3,3 мың шақырым газ желісін тарту керек.

Үйге «Көгілдір отын» келді

Өткен жылы облысымыздағы табиғи газды тұтынатындар саны 446,6 мың адамға жетіп, газбен қамту көрсеткіші 20 пайыздан асты. Ал биыл сол жұмыстар жалғасып, 604 мың адам тұратын 98 елді мекенге көгілдір отын келді. Алдағы уақытта жоспарланған 39 елді мекенге газ жетсе, облыстың газбен қамту көрсеткіші 30 пайызға артады. Бүгінде Талдықорғанды көгілдір отынмен қамту 4 кезең бойынша жүргізілуде. Алғашқы кезекте «Қаратал» шағынауданы, Абылай хан, Жансүгіров, Гауһар ана көшелерінің бойындағы, облыстық аурухана, автобекет және орталық базардың маңындағы жеке және көпқабатты тұрғын үйлер, «Талдықорған» индустриялық аймағы мен Оңтүстік өндірістік аймақ газ желісімен қамтылады. Оның жалпы құны 6,3 млрд теңгені құрайды. Бірінші кезең биыл іске асады деп күтілуде. Екінші кезекте «Самал», «Жастар», «Мерейтой» шағынаудандары, Жансүгіров, Желтоқсан, Қабанбай батыр, Чкалов, Белов, Шевченко көшелерінің бойындағы жеке және көпқабатты тұрғын үйлерге табиғи газ беріледі. Үшінші кезекте Өтенеі ауылы, «Шығыс» шағынауданы мен Жансүгіров, Алматы, Тілек Әбжалиев көшесінің тұрғындары көгілдір отынға қол жеткізеді. Қазір Талдықорған қалаішілік газ құбырын тарту жұмысын «Ақниет БН» ЖШС-і жүргізуде. Осы орайда атқарылып жатқан жұмысты облыс әкімінің орынбасары Айдарбек Естебекұлы жауапты тұлғалармен бірге қадағалап қайтты.

Төрт түлік

Алматы облысының Көксу ауданындағы Жарлыөзек ауылдық округінде 1997 жылы құрылған «Балпық» шаруа қожалығы жүйелі жұмыс жүргізуде. Арнайы іссапармен барған біздің көзімізге қора толған ірі қара мал түсті. Сиырларды сауыншылар кезек-кезек сауу үстінде.

Мал өсірсең...

Аталмыш шаруа қожалығының басшысы Шәкәрім Әдетбеков бас-аяғы 360 ірі қара мал асырауда. Оның 70-і сауын сиыр болса, 180-і қашар, 55-і бұқа мен бұзау. Қүніне 700-750 литр сүтті «Фудмастер» компаниясына

Озық тәжірибе

Ескелді аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің қызметкерлері дәнді-бұршақ дақылдарын өсіру мамандарымен кездесті. Жыл сайынғы дәстүрге айналған «Егінжай күні» қарсаңында ұйымдастырылған шараға қатысқандар «Инновациялық технологияларды қолдана отырып, соя және жүгерінің шетелдік будандарын өсіру және қорғау» атты семинарды тыңдады. Дәріс оқығандардың көпшілігі – Өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институтының жетекші мамандары.

Жүгері өсірушілер бас қосты

Жаңа технологияны пайдаланып, рекордтық деңгейдегі жүгері өнімін алуға арналған басқосу ашық аспан астында өтті. Егістік алқабына «Бірлік» шаруа қожалығы Жетісудағы ауыл шаруашылығы туралы стенд қойды. Қазіргі таңда аталмыш институттың көмегі өніміміздегі жүгерімен айналысатын шаруа қожалықтарына көптеп тиюде. Отандық ғалымдар жүгерінің өсуіне кедергі келтіретін арамшөптерді жоюдың ең оңтайлы тәсілін ойлап тапты. Экологиялық тиімді әдісті республикамыздың өзге облыстары да қолдануда. Бұл тәсіл Жетісу өңіріндегі жүгері өсірушілерге несімен тиімді? Ең алдымен, өніміміздің климаттық жағдайына байланысты бір егістік алқабына тұқым ауыстырмай, 3-4 жыл қатарынан қолдануға болады. Дәнді-дақылдарға зиян келтіретін көпіршікті қарақұйе

Жүгері өсірушілер бас қосты

таратылды. Жүгерімен айналысушылар мамандармен бірлесе жұмыс жасауға уағдаласып тарқасты.

Бетті дайындаған Қажет АНДАС, Алматы облысы

Төрт түлік

Алматы облысының Көксу ауданындағы Жарлыөзек ауылдық округінде 1997 жылы құрылған «Балпық» шаруа қожалығы жүйелі жұмыс жүргізуде. Арнайы іссапармен барған біздің көзімізге қора толған ірі қара мал түсті. Сиырларды сауыншылар кезек-кезек сауу үстінде.

Мал өсірсең...

Аталмыш шаруа қожалығының басшысы Шәкәрім Әдетбеков бас-аяғы 360 ірі қара мал асырауда. Оның 70-і сауын сиыр болса, 180-і қашар, 55-і бұқа мен бұзау. Қүніне 700-750 литр сүтті «Фудмастер» компаниясына

Озық тәжірибе

Ескелді аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің қызметкерлері дәнді-бұршақ дақылдарын өсіру мамандарымен кездесті. Жыл сайынғы дәстүрге айналған «Егінжай күні» қарсаңында ұйымдастырылған шараға қатысқандар «Инновациялық технологияларды қолдана отырып, соя және жүгерінің шетелдік будандарын өсіру және қорғау» атты семинарды тыңдады. Дәріс оқығандардың көпшілігі – Өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институтының жетекші мамандары.

Жүгері өсірушілер бас қосты

Жаңа технологияны пайдаланып, рекордтық деңгейдегі жүгері өнімін алуға арналған басқосу ашық аспан астында өтті. Егістік алқабына «Бірлік» шаруа қожалығы Жетісудағы ауыл шаруашылығы туралы стенд қойды. Қазіргі таңда аталмыш институттың көмегі өніміміздегі жүгерімен айналысатын шаруа қожалықтарына көптеп тиюде. Отандық ғалымдар жүгерінің өсуіне кедергі келтіретін арамшөптерді жоюдың ең оңтайлы тәсілін ойлап тапты. Экологиялық тиімді әдісті республикамыздың өзге облыстары да қолдануда. Бұл тәсіл Жетісу өңіріндегі жүгері өсірушілерге несімен тиімді? Ең алдымен, өніміміздің климаттық жағдайына байланысты бір егістік алқабына тұқым ауыстырмай, 3-4 жыл қатарынан қолдануға болады. Дәнді-дақылдарға зиян келтіретін көпіршікті қарақұйе

Жүгері өсірушілер бас қосты

асырып, пайдаланып келеді. Сондай-ақ 285 гектар суармалы жерге әр түрлі дәнді дақыл егіп, облыстың экономикасына елеулі үлес қосып келді. Біз де шаруасын өрге домалатып жатқан шаруа қожалықтың ұжымына сәттілік тілеп қайттық.

Озық тәжірибе

Ескелді аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің қызметкерлері дәнді-бұршақ дақылдарын өсіру мамандарымен кездесті. Жыл сайынғы дәстүрге айналған «Егінжай күні» қарсаңында ұйымдастырылған шараға қатысқандар «Инновациялық технологияларды қолдана отырып, соя және жүгерінің шетелдік будандарын өсіру және қорғау» атты семинарды тыңдады. Дәріс оқығандардың көпшілігі – Өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институтының жетекші мамандары.

Жүгері өсірушілер бас қосты

мен құртты құрту үшін химиялық заттарды белгіленген мөлшерімен жұмсаса болғаны. Мамандар семинарға қатысушылардың назарына жүгеріні жинаған соң міндетті түрде жерді жырту, арық тарту, суғару керектігін айтты. Көктемде егістік алқабы қайтадан жыртуылы тиіс. Әрине, бұл жүгері егушілерге қосымша шығын алып келеді. Бірақ осы арқылы күзде мол өнім алуға болады. Семинар соңында барлық қатысушыға қозғалған тақырып жайлы ақпарат жазылған буклет



МЫҚТЫ МАМАНДАР. ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ.

ОЙЫМЫЗ БІР.



human energy®

«Шеврон» — Астана Ехро 2017 көрмесінің демеушісі.

Бұл Қазақстан үшін ақиқат.
«Шеврон» үшін де.
Сондықтан біз адамдарға инвестиция саламыз.
Білімдерімізбен және тәжірибемізбен бөлісеміз.
Озаттарды дайындаймыз.
Қазірде 4 менеджеріміздің 3-уі — қазақстандықтар.
Олар компаниямыздың беделін көтеріп келеді.
Елдің де мақтанышы болып табылады.
Толық ақпаратты www.ChevronKazakhstan.com сайтынан қараңыз.

CHEVRON, CHEVRON Hallmark және HUMAN ENERGY Chevron Intellectual Property LLC-дің тіркелген сауда белгілері болып табылады. © 2017 Chevron U.S.A. Inc. корпорациясы. Барлық құқықтар қорғалған.

Әдебиет – әлмисақтан рухани байлық. Ұлттың рухын жаңғыртатын, тарихи жадын қалпына келтіретін күштің бірі осы өнер. Сондықтан, ғылым-техникасы дамыған кез келген озық елдің әдебиеті де көркем болатыны ақиқат. Елбасы жариялаған «Рухани жаңғыру» туралы мақала – ұлт рухын оятатын, елдің жадын жаңғыртатын жаңа идея.

Мәңгілік елдің поэзиясы



Сондықтан, 5 тамызда жас ақындар арасында «Мәңгілік ел – мұратым!», «Мемлекеттік рәміздер – мақтанышым!» – деген атаумен мүшәйра өтті.

Бір айға созылған жыр додасына Астана әкімдігінің жастар саясаты мәселелері басқармасы мұрындық болды. Мүшәйраның жалпы жұлде қоры 1 млн 200 мың теңге. Сондай-ақ үздік 25 ақынның шығармалары күзде жарық көретін арнайы өлеңдер жинағына енгізіледі. Поэзия бәйгесіне 14 пен 29 жас аралығындағы ақындар қатысқан. Ұйымдастырушылардың бірі – ақын Қалқаман Сарин

мүшәйраның талабы туралы «Жастардың кітап шығаруына, олардың шығармашылық тұрғыдан шыңдалуына, әдеби ортада танылып, өз мүмкіндігін, қабілетін көрсетуге – мүмкіндік тудыратын байқау. Сондықтан мен барлық қалам ұстаған қыз-жігіттерді байқауға қатысуға шақырдым. Әрине, әділқазылар жұмыс жасады.

Айтыс

Алдаспан жырдың алааманы



Шілденің 29-күні Шығыс Қазақстан облысына қарасты Тарбағатай ауданының орталығында «Туған жерге туынды тік» атты халықаралық ақындар айтысы өтті. Айтыс Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы туған жер тақырыбы аясында ұйымдастырылды.

Айтысқа елімізге белгілі айтыс ақындары мен алыс-жақын шетелден келген азулы сөз сүйлейлері қатысты. Тартысты өткен сөз додасының нәтижесі бойынша, бас жүлде Рүстем Қайыртаулына бұйырды. Ринат Зайытов – бірінші орын. Жансая Мусина – екінші орын алды. 3-орын Қытайдан келген Жарқынбек Бердібекұлына бұйырған. Өзге ақындар да жүлдесіз қайтқан жоқ.

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алкасы: Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың бірінші орынбасары Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі	Тілшілер мен қызметкерлер: Айбарша ЖАҚСЫЛЫҚ — Астана қаласындағы меншікті тілші Мадияр АРЫСТАНБАЕВ — арнаулы тілші Мақпал НОҒАЙБАЕВА — өнер және руханият Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым Салтанат ШЫРЫНХАН — арнаулы тілші Руслан ДОСТАЕВ — web-редактор Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-сайт Ғалым СМАҒҰЛ — суретші	Аймақтағы меншікті тілшілер: Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34) Қуаныш ТҰНҒАТАР — Алматы облысы (8 702 952 88 17) Дүйсенбек АЙБЕКОВ — Жамбыл облысы (8 705 227 45 16) Меңдібай СҮМЕСІНОВ — Атырау облысы (8 775 955 77 34) Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahtutba@online.no Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Әбдіманап КЕНЕС	Шығарушы: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Turkish Airlines», «Qazaq Air» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.	Редакцияның мекенжайы: 050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-қабат (М.Мақатаев көшесінің қиылысы) Телефондар: 8(727) 279-04-99; 279-09-19 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 279-09-23 (жарнама бөлімі) Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген. Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2124; Бағасы келісім бойынша Айлық таралымы — 52 000 дана www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru
---	--	--	--	--